

~2100~

МАҒЖАТ
ЖУМАБАЕВ
Ә

Сарыарқаны
сағындым...

✽

Петропавл қаласы

1993 жыл.



М
РАҒЖАН

шығармалары



АННОТАЦИЯ

Жинаққа ұлы жерлесіміз Мағжан Жұмабаевтің таңдаулы өлеңдері мен поэмалары, „Ақан сері“ очеркі енгізіліп отыр.

ЖЫР ЖҮЛДИЗЫ

Туғанына 100 жыл толып отырған Мағжан Бекенұлы Жұмабаев өзіміздің жерлесіміз, ұлы Абайдан кейінгі қазақтың әйгілі ақыны.

Мағжан Жұмабаев 1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданына қарасты қазіргі Мағжан Жұмабаев атындағы совхозда, Сасықкөлдің жағасында туды. Ақынның әкесі Бекен Қазан революциясына дейінгі кезеңдегі ірі қазақ байларының бірі, Қызылжар өңіріне Кеңес өкіметі келгенше ол Полудин өңірінің болысы болған адам. Бекенде жеті ұл, екі қыз болған. Сол балаларының үшіншісі — Мағжан. Ол жасынан ауыл молдасынан хат танып, кейін Қызылжардың татар медресесінде оқиды. Оқуға зерек баласының бетінен қақпайтын ата-аңасы Мағжанның оқуып әрі қарай жалғастыруына қарсы болмай, оны Уфадағы Галля медресесіне дәріс алуға жібереді.

Жас Мағжан ақындығын ауылда, Қызылжарда жүргенде-ақ танытып, ел-жұрттың ауызына іліккен еді. Ақынның жырына тақырып, тіліне тиіск болған туған жерінің, Жолдыөзек өңірінің әсем табиғаты, ақ балтырлы қайыңдары, көкөрай шалғыны, айнадай жарқыраған көлі. Осылардың бәрі жас ақынды сұлулық, әсемдік құшағына алып, шалқытып, толқытып, тебіrentкені рас. Ол осы сұлулықты жанына сіңіріп, көріп өсті. Мәселен ақынның «Жаз келді» өлеңі де табиғат әсемдігін жырлайды.

**Жел жалығып, хал жиып,
Қалғып қана тербелер.
Жұмсақ қана жымып,
Жібек қанат жаз келер.**

**Көк алтынға көмілген,
Ауаға алтын себілген.
Алтын емес себілген,
Жаздың шашы төгілген.**

**Әне, ерке жаз келер,
Ал, балалар, қараңдар.
Ойнап алтын шаш берер,
Ал, балалар, тараңдар.**

Қайғылансын, күрсінсін!
Енді ұзамас, ерір қар.
Еркетай жаз бір күлсе,
Күлмей шыдап кім қалар?

Сұлу жаздың лебізі,
Қар түгіл, мұзды балқытар.
Көз, өзенін, теңізін
Ойнатар, бәрін шалқытар.

Алтын сәуле тұр сүйіп,
Жел маужырап тербелер.
Жұмсақ қана жымып,
Жібек қанат жаз келер.

Мағжанның қоғамдық-саяси көзқарасы қалыптаса бастаған тұста Ресей империясында да, оның отары болып отырған Қазақстанның қоғамдық-экономикалық және саяси тіршілігінде де сан қилы өзгерістер болып жататын. Қазақ жерін капиталистік қатынастар жайылай бастаған еді. Оның ессіне орыстың прогресшіл мәдениеті де елімізге еркін ену де болатын.

1905 жылғы орыс революциясының дүмпі Қазақстанға да жеткен. Бодандықтан бостандыққа ұмтылушылық сарыны ел арасына тез тарап кетуге сол кездегі Мағжан Жұмабаев сияқты қазақ интеллигенциясының өкілдерінің әсері болды. Азып-тозып, күйзелген елдің жай-күйі ақынды ерте алаңдатты. Сол ауыртпалық пен мүшкіл хал кешкен халқының ортасында жүргеннен кейін Мағжанның жанын ел қасіреті аяздай қаритын. Оған ақынның «Туған жерім Сасықкөл», «Бостандық» сияқты жырлары куә.

Мағжан Жұмабаевтың әйел — ана тақырыбына арнаған өлеңдері 1910 жылдан бастап қазақ газеттерінде жиі жарияланып, тұрды. Өмірдің мәні нәм сәні, күні мен айы, тіршіліктің негізі, жаңаның тірегі әйел — анапы, әйел — аруды бар болмыс бейнесімен, шұрайлы тілмен бейнелеп берді.

19 жасар Мағжанның алғашқы өлеңдер жинағы «Шолпан» деген атпен Қазанда басылып шықты. Осы кезден бастап ақ жас дарынның есімі тек қазақ оқырмандарына ғана емес, татар, башқұрт және басқа да түркі тілдес халықтарға танымал бола бастады. Сөйтіп қазақ елінің көгінде шып мәнінде Шолпандай жарқыраған бір жарық жұлдыздың туғаны күмәнсіз еді. Ғажайып жырларымен туған халқын қуа-

нышқа бөлеген Абайдың ізін басып, жыр сүйер қауымды ойлы да өткір және кестелі, өрнекті өлеңімен тамсандырып, таң қалдырып, әлем әдебиетіне Мағжан Жұмабаев келді.

Ақындық жолына айқып түскен Мағжан Жұмабаев өзінің білімін, дүниетанымын бұрынғыдан да кеңейту, бұрынғыдан да байыту ниетімен Омбының мұғалімдер даярлайтын семинариясына түседі. Онда оқып жүргенде ол орыстың, батыстың әдебиеті мен тарихын көп оқып, көп зерттейді. Мағжан Омбыда Пушкиннің, Лермонтовтың, Гегенің, Гейнелің, Байронның және басқа да көптеген орыс, батыс ақындарының шығармаларын тәржімелеп, қазақ оқырмандарына таныстырады.

Әлемдік әдебиеттің кәусар бұлағынан және халқының ғасырлық даналығынан сусындағаны оның рухани интеллектуалдық мәдениетінен, поэзиялық шеберлігінен жарқырап көрінеді. Мағжан Омбы семинариясын тәмамдағаннан соң біраз жылдар бойы шығармашылықпен айналысады. 1918 жылы Омбыда шыққан «Балапан» қолжазба журналы мен «Кедей сөзі» газетінің жауапты редакторы, Омбы қаласында ашылған қазақ мұғалімдерін дайындайтын курстың директоры (ол кейін Петропавлға көшіріліп, педтехникум болған, қазір орыс-қазақ балалары аралас оқытылып жүрген педучилищесі) болып істеген.

Мағжан Жұмабаев 1920 жылдары Мәскеудегі Шығыс әдебиеті институтына түсіп оқиды, әрі қызмет істейді. Мәскеуде Мағжан М. Горькийдің «Сұңқар жыры» кітабын қазақ тілінде бастырып шығарады. Қазақ, өзбек және түркімен әдебиеттерінің үш томдық жинағын В. Брюсовтың тапсыруымен Мағжан баспаға дайындайды. Шығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде қазақ әдебиетінің тарихы мен қазақтың әдеби тілінің стилистикасы деген тақырыпта лекция оқиды. Осы еңбектерін де баспаға дайындайды. Аталмыш оқу орнында Мағжанның алдынан жыр құлагері атанған Ілияс Жаңасүгіров, филология ғылымының докторы, профессор Бейсембай Кенжебаевтар дәріс алады.

Мағжан Жұмабаевтың 1920-шы жылдардағы жыр жолдарына үйле қарап, зейінмен зерттей оқысақ, байқайтынымыз халқымыздың ғасырлар бойы тырнақтап жинаған асыл қазыналары — әдебиетін, тілін, мәдениетін, әдет-ғұрпын, әнін, күйін жоғалта көрме, айырылып қалма деп ескертеді. Ұрпағым, сендер сол мұрадан көз жазып қаласың-ау, — деп зар қағады.

Қазақ жастарын өнер-білімге, жоғары мәдениеттілікке шақырады. Жастарды ізгілікке, инабаттылыққа меңзеген ерекшелік Мағжан поэзиясында тұтастық тауып, айшықталып тұрады.

Романтик ақынның қиыннан қиыстырған өлең-жыры болмысты тура беруден аулақ, керісінше, қиял әлеміндегі суреттер, көңіл-күй толғаныстары арқылы мұраттарды, дәуір тынысын көркем бейнелеу.

Патшалық заманның қатыгездігінен, үстемдігінен бұғып, қорқып қалған халқын ұлы ерліктерге, бостандық, теңдік үшін күрестерге жігерлендіру үшін еліміздің тарихын, хандарының, батырларының ерліктерін тамаша да әсерлі жырлайды.

«Батыр Баян», «Қорқыт», «Қойлыбайдың қобызы» және басқа да жыр, дастандары әдебиетіміздің алтын қорына қосылған шоқтықты туындылар. Сөйте тұра ғажайып жерлесіміз, ұлы ақын, ұлы азаматтың мына фәни дүниеге сыймайтындай халге келуі қалай? Оны Мәскеуде де, Алматыда да, Петропавлда да, Талғарда да, тіпті Кегенде де қуғын-сүргінге ұшыратады. Ол ақ түрмеде де, республикалық НКВД-нің қапасында да, Мәскеудің атышулы Бутыркасында да, Соловкидің, Карелияның лагерлерінде отырады. Ақыры 1938 жылы қайран ақынды атқызып тынады. Оның себебі, Мағжан ақынның өзі өмір сүрген уақыттан, дәуірден де ертерек туғаны, оның талантына, дарынына, азаматтығына қатар тұратын замандастарының аз болуы. Мағжанның басты трагедиясы осында ғой деп ойлаймын. Әйтпесе ұлы ақын жайында қазақ әдебиетінің классигі Мұхтар Әуезов: «Қазақ жазушыларынан әрине Абайды сүйемін. Бұдан соң Мағжанды сүйемін, Европалығын, жарқыраған әшекейлігін сүйемін.

...Бүгінгі күннің бар жазушыларының ішінен келешекке бой ұрып, артқы күнге анық алуға жарайтын сөз Мағжанның сөзі. Одан басқамыздың бәріміздікі күмәнді, өте сенімсіз деп білемін», — деген екен. Мағжан Жұмабаев туралы бүгіндер, шүкір, көп жазыла бастады. Ал тоталитаризмнің қалың сеңі жаңа сөгіле бастаған 1960 жылдары жазықсыз жана шеккен бауырларымыз өз ортасына қайтадан келіп, қуаныш құшағына бөленіп, жатқанда Мағжан атамның керісінше бізден 25-30 жыл қайтадан алыстап кетуі кімнің болсын жанын жаншып, жүрегін жаралайды. Сонау 1965 жылдары ҚазМУ-дың бір топ оқытушылары профессор, фи-

логия ғылымдарының докторы, Х. Махмудов, ақын аудармашы Жовтис және ақын, аудармашы, жерлесіміз Х. Абдуллин студенттермен жиі кездесіп Мағжан туралы лекциялар оқитын, оның өлеңдерін Олжас Сүлейменов, Жовтистер орысша тәржімалап жастарға таныстыратын еді.

Жоғарыда есімдері аталған ақын-жазушылар, ғалымдар сол жылы ақынның өмірі мен шығармашылығы жайлы «Простор» журналына басып шығармақшы болды. Бұл игілікті істі сол кезде әдеби журналды басқарып отырған, оның редакторы, жерлесіміз, атақты жазушы Иван Шухов аса қолдап, тіпті өзі басшылық ете бастады.

ҚазМУ-дың филолог-студенттері Қазақстан Жазушылар одағына орналасқан «Простор» журналының редакциясынан нықпайтын болды. Бәрінің күтетіні Мағжанның портреті мен шығатын журнал. Журнал редакциясының әр қызметкерінің тұсында бұйра шашы бұрқыраған, екі көзі тостағандай, келбетті Мағжанның портреті ілулі тұратын. Ол тұстағы әңгіме де, сөз де Мағжанның өлеңдері туралы болатын. Бірде әдеттегідей редакция төңірегін торып жүр едім, журнал редакторы Иван Шухов кабинетіне қарай беттеп келсіді екен. Мені көрген соң ба, әлде бір шаруасы болды ма, көпшілік қызметкерлер отыратын бөлмеге бұрылды, жолай мені де нығымнан қағып, бөлмеге ала кірді. Редакциядағылар әлде не күткендей тына қалып еді, редактор: «Болмады, — деді. — Мағжан бәрібір шығады, оның күмігуады әлі», — деді отырғандардың кейбіріне, маған да ұлы ақынның суретін беріп жатып. Қоңіл-күйі нашар екенін алабұртып қызарған жүзінен, бұрын да үлкендеу ернінің түсіңкіреп кеткенінен-ақ аңғаруға болатын еді Иван Шуховтың. Сөйтіп жерлес жазушы Шухов берген Мағжан портретін осы уақытқа дейін сақтап келемін. Ол маған орыс жазушысының қазақ ақыны Мағжанды, оның шығармаларын кереметтей бағалап, оның дарынына бас игені деп түсінемін. Коммунистік партияның, Орталық Комитеттің, оның бюросының түкірігі жерге түспей, «үңдеместің» ықылық атып тұрған шағында орыс жазушысының мұндай ерлігін ауызбен айтып жеткізу қиын. Мағжан өлеңдерін журналына бастыра алмаса да Иван Шухов ел таң қалатын ерлік жасады. Міне, тамыр деп осыны айт. Содан көп кешікпей И. Шуховтың редакторлық қызметінен босатылғанын білеміз.

Мағжан Жұмабасвтың кітаптары әлі аз. Баспадан шыққан оның кітаптарының тиражы да көп емес. Сол себептен

жыр сүйер қауымға жерлесіміз, ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың ең таңдаулы шығармаларын ұсынып отырмыз.

Халқымыздың ардақты ұлдарының бірі Ақан сері Қорамсаұлының туғанына биыл 150 жыл толып отыр. Сондықтан Мағжан Жұмабаевтың Ақан сері өмірі мен шығармашылығына арнаған монографиялық туындысын да осы жинаққа қосуды жөн көрдік.

Мүтәллап ҚАНҒОЖИН.

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқамның топырағын.
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.



Өлеңдер

КҮНШЫҒЫС

Қысық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!
Күңіретіп жерді ыңыраншы.
Күнбатысқа көз салшы,
Көрдің бе қанның жалынын?
Күнбатысты шаң басқан,
Шаң емес, қара қан басқан.
Тарсыл-күрсіл, қанды атыс.
Көп білем деп бөлуге,
Көп күлем деп өлуге
Жақын қалды Күнбатыс.
Дария еді ол өкірген,
Шапшып көкке лепірген,
Жемірілді кемері.
Өлгелі жатқан құрт ауру,
Жан-жаққа сүзіп көз салу —
Қолынан енді келері.
Ібіліске ерген есерлер,
Өзімшіл кеуде кеселдер
Тұншықсын, қанға боялсын.
Оның өлген үнімен,
Қанды батқан күнімен,
Күншығысым, оянсын!
Қысық көзді Күншығыс,
Болсын соңғы бұл жүріс.
Күнбатысқа жүрелік,
Желкілдеген туменен,
Жер күңіrentкен шуменен
Қаласына кірелік.
Күл қылайық қаласын,
Күл қылайық баласын.
Жоқ, жоқ! Ашу басалық!
Гүл қылайық қаласын,
Ұл қылайық баласын,
Мейірім есігін ашалық.
Мұндарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсің демейік,
Аямайық, көмейік
Күншығыстың нұрына...

Терең теңіз тебіренді,
Күншығысым күңіренді.
Қырағы көзім көреді:
Желкілдеген туменен,
Жер күңіреңткен шуменен
Қара бұлт қаптап келеді.
Әй, сен, кесел Күнбатыс!
Бұл жатуың қай жатыс,
Жоғал жылдам жолымнан!
Болмаса, қорықсаң өлімнен,
Үмітің болса өмірден,
Ұста менің қолымнан!

ПАЙҒАМБАР

Устремляя наши очи
На бледнеющий Восток,
Дети скорби, дети ночи,
Ждем, не придет ли наш Пророк.

Мережковский.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Күні батып, жаңа таңы атпаған.
Түнеріп жүр түннен туған перілер,
Тәңірісін табанына таптаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Көгінде жоқ жалғыз Жұлдыз батпаған.
Түн баласы тәңірісін өлтіріп,
Табынатын басқа тәңірі таппаған.

Күнбатысты қараңғылық қаптаған,
Жалғыз жан жоқ қараңғыда лақпаған.
Білген емес иман деген не нәрсе,
«Қарын» деген сөзді ғана жаттаған.

Түн баласы... Түн жолына түскен ол,
Сақаусың деп Мұса тілін кескен ол,
Тәңірінің сүйікті ұлы Айсаның
Тітіркенбей ұрттап қанын ішкен ол...

Түн баласы түнерген түн жамылған,
Аллаға емес, әзәзілге табынған.
Інжілді өртеп, табанға сап құранды,
Әділдікті күткен ессіз қарыннан.

Түн баласы өмірінде араз таңменен,
Қабыл ұлы ауызданған қанменен.
Табынатын құр денеге жануар,
Болған емес жұмысы оның жанменен.

Төгілмей ме кемерінен асқан су,
Өлтірмей ме жайылған су күшті у.
Түн баласы түнеріп тұр өлгелі,
Көзінді сал — күнбатыста қанды шу;

Көзге түртсе көрінбейтін қара түн,
Күңірене ме, күле ме әлде, әлдекім?
Жылайды да, шулайды да ұлиды,
Бұл кім? Бұл ма — түн баласы түссіз жан.

Қап-қара түн. Түн баласы күңіренед,
Күңіренумен бір-біріне үн беред.
Сөгінеді, сүрінеді, жығылад,
Қара түнде көр көзімен не көред?!

Қап-қара түн. Шегір көзді жындар жүр,
Қап-қара түн. Қайғы мен қан ойнап тұр.
Қайғы менен қара қанға тұншығып,
Түн баласы ауыр ойлар ойлап тұр.

Қап-қара түн. Уақыт ауыр өтеді,
Ой артынан ойлар келіп кетеді.
Түн баласы көр көзінен жас төгіп,
Күншығыстан бір пайғамбар күтеді...

Ерте күнде отты Күннен Гун¹ туған,
Отты Гуннен от боп ойнап мен туғам,
Жүзімді де, қысық қара көзімді
Туа сала жалынменен мен жуғам.

Қайғыланба, соқыр сорлы, шекпе зар,
Мен — Күн ұлы, көзімде Күн нұры бар.
Мен келемін, мен келемін, мен келем,
Күннен туған, мен келемін — пайғамбар.

Соқыр сорлы, көрмей ме әлде көзің көр?
Күншығыстан таң келеді, енді көр.
Таң келеді, мен келемін — пайғамбар,
Күт сен мені, «лахауланды» оқи бер.

Күншығыстан таң келеді — мен келем,
Көк күңіренед: мен де көктей күңіренем.
Жердің жүзін қараңғылық қаптаған,
Жер жүзіне нұр беремін, Күн берем!

Қап-қара түн. Қайғылы ауыр жер жыры,
Қап-қара түн. Күңіренеді түн ұлы.
Күншығыста ақ алтын бір сызық бар:
Мен келемін, мен пайғамбар — Күн ұлы.

¹Гун — түріктің арғы атасы (М. Жұмабаев ескертпесі).

ОТ

Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.

Күнге ғана бағынам.

Өзім — күнмін, өзім — от,

Сөзім, қысық көзімде — от,

Өзіме-өзім табынам.

Жерде жалғыз тәңірі — от.

Оттан басқа тәңірі жоқ.

Жалынмен жұмсақ сүйеді,

Сүйген нәрсе күйеді.

Жымиып өзі жорғалар.

Ұшырағанды шоқ қылар,

Шоқ қылар да, жоқ қылар.

Мұның аты От болар.

Мен де отпын — мен жанам.

От — сен, тәңірім, табынам.

Әдемі отпен аспаның,

Бәрі жасық басқаның.

Жалын жұтам — тез тоям.

Әулием, ием, құтыма,

Теңсіз тәңірім отыма.

Әлсін-әлсін май құям.

Май құямын — өрлейді.

Құлашын көкке сермейді.

Кейде жылан арбайтын,

Кейде аждаһа жалмайтын.

Сескенбес, сірә, кім сенен;

Шынында, менің өзім де — от,

Қысылған қара көзім де — от.

Мен — оттанмын, от — менен,

Жалынмын мен, жанамын.

Оттан туған баламын.

Қараңғылық бұққанда,

Қызарып күн шыққанда,

Күн отынан туғанмын;

Жүрегімді, жапымды,

Иманымды, арымды.

Жалынменен жуғанмын.

Жүрегім де, жаным да — от,

Иманым да, арым да — от.

Жарқырап от боп туғаннан,

Белімді бекем бұғаннан,
Қараңғылық — дұшпаным.
Сол жауызды жоюға,
Соқыр көзін оюға

Талай заулап ұшқанмын,
Әлпіге барғам Алтайдан.
Балқанға барғам Қытайдан...



Күннен туған баламын,
Жарқыраймын, жанамын.
Күнге ғана бағынам.
Өзім — күнмін, өзім — от,
Сөзім, қысық көзім де—от.
Өзіме-өзім табынам.
Жерде жалғыз тәңірі — от,
Оттан басқа тәңірі жоқ.

АЛЕКСАНДР БЛОК

Александр Блок —

Мәңгі жас жүрек

Үмітін бір үзбеген.

Батып алтын ойға,

Талмай қарап Айға,

«Әдемі әйел» іздеген.

Көрінер деп күнде,

Табылар деп түнде,

Шарқ ұрудан талмаған.

Александр Блок —

Мәңгі жас жүрек,

Қай жерге ол бармаған?

«Әдемі әйел» — идеал,

«Әдемі әйел» — бір қиял,

Блоктың басын байлаған.

«Әдемі әйел» — бір гүл,

Блок — бір бұлбұл,

Блок — бұлбұл сайраған.

Сайраған Блок,

Ойнаған жүрек —

Кейде үміт, кейде зар.

Өтеді өмір,

Бітеді жыр,

«Әйелден» бірақ жоқ ошар.

Күндерде бір күн,

Түндерде бір түн

Улы балды бітті жыр.

Төсекте Блок

Көз ашып көред, —

Алдында бір кемпір тұр.

«Әдемі әйел» — идеал,

«Әдемі әйел» — бір қиял,

Идеал, қиял — бір сағым.

Жанады жүрек,

Жылады Блок,

Көріп сөнген шырағын.

«Әйел» — идеал,

Кемпір — ажал

Тұр Блокқа үңіліп.

Сөнді енді өмір,


Бітті енді жыр,

«Әйел» қалды жыр болып.

ҚЫСҚЫ ЖОЛДА

Қараңғы түн, сар дала,⁹
Көрінбейді айнала.
Боран сөғып тұр борап,
Жолды басқан құр сорап.
Астымдағы жануар
Құлағын қайшыландырып,
Зорға борт-борт желеді.
Ызғарлы жел долданып,
Екі иіннен дем алып,
Ішін тартып оскырып,
Кейде қатты ысқырып,
Андай ұлып бір мезгіл,
Екі санын шапалақтап,
Біресе сақ - сақ күледі.
Кейде кенет баяулап,
Жер бауырлап жаяулап,
Аузы-басы жыбырлап,
Асып-сасып сыбырлап,
Жерді жанқан кебінді,
Сүйін ақырын құшақтап,
«Әпсүн»¹ оқып үреді.
Барады үдеп бұл боран,
Жанымда жоқ тірі жан.
Тоңазыды денем де,
Адаспай дұрыс келем бе?
Қорқып жүрек ойнайды,
Көз алдыма елестеп,
Әлденелер келеді.
Боранын тәңір ашпады,
Жол білінбей бастады.
Көрінген бір жарық жоқ,
Босаңсиды Қаракөк...
Сар далада адасып.
Суық кебін жамылып
Қаларын, кім біледі?

¹Иманын үйіру.



ЖАН СӨЗІ

Өмір — теңіз, жоқ оның түбі, шеті,
Сылқ-сылқ күлген сиқырлы толқын беті.
Осы өмірге кіргелі көп күн болды,
Енді бір ай — толады жиырма жеті.

Мен жоқ едім, бар қылып анам тапты,
Содан бері Күн талай шықты, батты.
Ес білгелі алысам өмірменен,
Өмір — теңіз, толқыны тым көп қатты.

Мен туғалы ағарып, көп таң атты,
Қараңғылық жер бетін талай жапты.
Ес білгелі алыстым жүрекпенен,
Ырық бермеді, қаңғырды, ол не тапты?

Ессіз жүрек тулады, бермеді ырық,
Ақыл сорлы ере алмай, қалды тұрып.
Ессіз жүрек, бөгелші бір азырақ,
Отыз тұр ғой үніліп, арты — қырық.

Әміріңді екі қылмай орындадым,
Есімде отқа, суға ұрынғаным.
Өтті жылдар, жапанда жалғыз қаппын,
Өмірімді осынша улап не қылғаның?!

«Жел бол!» — дедің, жел болып еспедім бе?
Уақыт талғап, ерте я кеш дедім бе?
Желдей жынды есалаң екпінді боп,
Заулап тұрған отқа өзім түспедім бе?!

«От бол!» — дедің, от болып жанбадым ба?
Күйдірмей, сірә, нәрсе талғадым ба?
Күлді де алдым құшаққа, гүлді де алдым,
Мынау «күл», мынау «гүл» деп таңдадым
ба?

«Су бол!» — дедің, сылдырап ақпадым ба,
Жыландай жүз бұралып жатпадым ба?
Ерікті-еріксіз суымнан татар жанды
Сиқырлап сылдырменен таппадым ба?

«Күн бол!» — дедің мен Күндей күлмедім
бе?
Күннен де астым, мен «күндіз-түн» дедім
бе?

Күн тәкаппар. Мен көппен құшақтастым,
Бұл ісімді күндікке мін дедім бе?

«Ай бол!» — дедің, Ай болып жүзбедім бе?
«Әпсүн» оқып, жер жүзін кезбедім бе?
Анадайдан сиқырлы сәуле төгіп,
Талайлардың өзегін үзбедім бе?

Сен «Сүй!» — дедің, талайды сүймедім бе?
Көбелек боп отқа күймедім бе?
Тірілгенім болмаса, өлгеннен соң
Мен талай күлден кебін кимедім бе?

«Жыла!» — дедің, талай жас төкпедім бе?
Дария болды көз жасым, көп дедім бе?
Жасым бітсе, қып-қызыл қан жыладым,
«Жыламаймын», көзде жас жоқ — дедім
бе?!

«Ата-анаңнан без!» — деді, безбедім бе?
Қаңғырып талай жалғыз кезбедім бе?
Басыма талай қара күндер туды,
Ата-ана, туысқанды іздедім бе?

«Елің тастап кет!» — дедің кетпедім бе?
Жер бетіне барсам да шет дедім бе?
Жыландай бауырына кіріп алып,
Қалайда жатты жақын етпедім бе?

«Дәулеттен қаш!» — дедің сен қашпадым ба?
Қойнымды жоқшылыққа ашпадым ба?
«Нәжісті — доңыз, сүйекті — ит жияд» —
деп,
Барымды желге ұшырып шашпадым ба?

«Жоқты іздеп тап!» — дедің сен, таппадым
ба?

Сен: «Айға шап!» — дегенде, шаппадым ба?
Не керек! Бар бұйрығыңды орындадым,
Сұм жүрек, сол қызметімді ақтадың ба?

Ақтамадың, алдадың, енді білем,
Енді бір ай — жиырма жеті жасқа келем,
Отыз, қырық... Қартайам, сөнем, өлем...
Еліме есебімді не деп берем?!

Енді бір ай — жиырма жеті жас толады,
Отыз, қырық... Сарғаяды, жүз солады.
Жыл соңынан жүгіріп жыл озады,
Кеудеге күн-күн сайын шер толады.

Ессіз жүрек аспанға қол сермеді,
Ессіз жүрек ақылға жол бермеді.
Жастық — у ғой, айнымай у ішіппін,
Бұл күндерде кеудені ой кернеді.

Ақылға кеш айналдым, қараң күнім,
Бір күні құшағына алар өлім.
Қара жерді құшақтап мен жатырмын,
Сол кезде не деп мені сынар елім?

«Жел еді, желді жыр ғып өтті!» — дер ме?
«Есалаң сүйіп еді шоқты!» — дер ме?
«Ойы жоқ, ессіз отты тәңірі көрген,
Тұншығып жат, есерім!»—деп күлер ме?!

Болмаса: «Қызыл гүл ед, солды!» — дер ме,
«Сермеп ед алтын Айға қолды!» — дер ме?
«Қажымай Айға шапқан арыстан ед,
Сабаз ай, сол жолда мерт болды!» дер ме?

«Күн еді — өмір бойы күлді!» — дер ме?
Күн еді — сүймеуші еді түнді!» — дер ме?
«Күн еді, күндей айқын күле білді,
Сол күлумен ақыры өлді!» — дер ме?!

«Сұлулықтың асығы — жыршы!» — дер ме?
«Жүректің сырын шешер сыршы!» — дер
ме?

Не қуаныш, не қайғы басқан күнде
Басыма келіп: «Ақыным, тұршы!» — дер ме?

Болмаса басыма да бармас па екен?
Атымды аузына да алмас па екен?
Қарайып жапан түзде жалғыз тұрған
Молама көз қырын да салмас па екен?

Дарига, сол күндерде күнім қараң,
Қазақ елі, бір ауыз сөзім саған:
Болғайсың, сыншы болсаң, әділ сыншы,
Кінәні жүрекке қой, қойма маған!

Мені атама, бұл жүрек — жыңды дерсің,
Ұмтылған аламын деп Күнді дерсің.
«Сүйіп-күліп, күйіп — көз жасын төгіп,
Жыңды жүрек өлді де тыңды! — дерсің.

САҒЫНДЫМ

Абақтыда айдан, күннен жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даламды сағындым.
«Қарашығым, құлыным!» — деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым.

Жатқан үйім — қабырғасы қара тас,
Жарық сәуле, жылы күнге жаны қас.
Ауыр иіс, ылғи қара көлеңке,
Ерте-кеш те, күндіз-түні арылмас.

Тапал, салқын, тым қараңғы үнгір тар,
Есігімде мықты қара құлып бар.
Кіп-кішкене терезелер темірлі,
Мұндай үйден кімге естілер ащы зар!

Алтын Күнді қара жерді сағындым,
Жан жолдасым — жүйрік желді сағындым.
Асау тайдай еркелетіп өсірген
Ағайынды, туған елді сағындым.

Әлдеқайда Күн шығады, батады,
Сорлы тұтқын күңіреніп жатады.
Қарар болсаң терезеден темірлі,
Көздеп тұрған күзетшілер атады.

Ас бола ма сасық сорпа, қара нан,
Алма бетте қалмады ғой тамшы қан.
Қоңырау қағып оятады ақырып,
Тым болмаса сібірлеп те атпай таң.

Бостандықта өткен күнді сағындым,
Желдей зулап кеткен күнді сағындым.
Жыл құсындай ұшсам, қонсам ерікті,
Ойдағыны еткен күнді сағындым.

Абақтының айға баға күні ұзақ,
Жанды жейтін жылға баға түні ұзақ.
Ескі мола дән дыбыс жоқ, тым-тырыс,
Тық-тық басып күзетші жүр жалғыз-ақ.

Қар жылан—қалың ойлар қаптады,
Шыбын жаным барар жерді таппады.
Ойлар жейді жас жүректі жегідей,
Тәңірі ием, таңың-дағы атпады!

Ойыны бір құрдастарды сағындым,
Тілегі бір жолдастарды сағындым.

Келешекке бірге жоспар құрысқан,
Сырласатын жан достарды сағындым.

Уға толды жас жүрегім, жабықтым,
Таныс дауыс ести алмай зарықтым.
Не дегенін, не істегенін біле алмай,
Қоры болдым ғой азат жүрген халықтың!

Құшақтарға жанымда жоқ жақын жан,
Басқа шапшып мазаны алды ыстық қан.
Жалындаған жас жүрекке не пайда,
Дене күйіп, бір жатып, бір тұрудан?

Жүрегіме жақын жанды сағындым,
Жібек мінез, ақық жарды сағындым.
Айырыларда күншығыстан ағарып,
Ақ жібектей шапақ таңды сағындым.

Не көрсем де алаш үшін көргенім,
Маған атақ ұлтым үшін өлгенім!
Мен өлсем де, алаш өлмес, көркейер,
Істей берсін қолдарынан келгенін!

Қалың елім, қалың қара ағашым,
Қайраты мол айбынды ер, алашым!
Өзі-ақ құлар, сырың бар ма, сабыр қыл,
Ақымақтар байқамаған шамасын.

Қазағымды, қалың елді сағындым,
Сарыарқамды — сайран жерді сағындым.
Балдай бұлақ, мөлдір күміс көбікті,
Арқадағы айдын көлді сағындым.

Қуанышта: «Әй сені ме!» — дегендер,
Күйініште мен үшін уайым жегендер.
Құтылу қиын, басқан адым аңдулы,
Тізіп қойып ертеңді-кеш түгендер.

Тәңірі ие, өзің алшы панаңа,
Тас бауырлар зарға құлақ сала ма?!
Баласынан тұтқын болып сарғайған,
Кім жеткізер сәлемімді анама?

Абақтыда айды, күнді жаңылдым,
Сарғайдым ғой, сар даланы сағындым,
«Қарашығым, құлыным!» — деп зарлаған
Алыстағы сорлы анамды сағындым!

ТЕЗ БАРАМ

Қыранымын сары сайран даланың,
Қос қанатым — алтын Алтай, Оралым.
Еркін дала ардақтысы, еркесі,
Бетім қайтпай өскен батыр баламын.

Асқан алып — ата затым сұрасаң,
Асқан дана — ана затым сұрасаң,
Шанып жалын жас жолбарыс ұмтылса,
Қорқақ құлдар, қалай қарсы тұрасың?!

Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш қан майданға барайын.
Жердің жүзі кім екенін танысын,
Жас бөрідей біраз ойын салайын.

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқамның топырағын,
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Дұғада бол, алтын Алтай — қарт анам,
Алып ата, қуды жолың ер балаң.
Ақ шашыңды, көкірегіңді иіскеуге,
Тәңір жазса, сәулетпенен тез барам.

ТҮРКІСТАН

Түркістан — екі дүние есігі ғой,
Түркістан — ер түріктің бесігі ғой.
Тамаша Түркістандай жерде туған,
Түріктің тәңірі берген несібі ғой.

Ертеде Түркістанды Тұран дескен,
Тұранда ер түрігім туып-өскен. . . .
Тұранның тағдыры бар толқымалы,
Басынан көп тамаша күндер кешкен.

Тұранның тарихы бар отты желдей,
Заулаған, қалың өртеі аспанға өрлей.
Тұранның жері менен суы да жат,
Теңіздей терең ауыр ой бергендей.

Тұранның егі — шексіз шөлі қандай,
Теңіздей кемері жоқ көлі қандай!
Тұранның дария аталған өзендері
Тасыса, шөлді басқан селі қандай!

Тұранның таулары бар аспанға асқан,
Мәңгіге басын аппақ шаштар басқан.
Бауырында ерке бұлақ салады ойнақ,
Жаралып таудан аққан салқын жастан.

Шөлдер бар, жел де жүрмес, сап-сары құм,
Моладай ешбір үн жоқ мәңгі тып-тың.
Болмақ па жан-жануар шексіз шөлде,
Сар құмда салар ойнақ пері мен жын.

Тұранның теңіз дерлік көлдері бар,
Шалқыған егі — шетсіз Теңіз, Арал.
Бір шетте қасиетті Ыстықкөлдiң
Бауырында дүние көрген түрік көкжал.

Ертеде Оқыс, Яқсарт — Жейхун, Сейхун;
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі сол екі су жағасында
Табасың қасиетті бабаң бейтін.

Тұранның Тянь-Шаньдай тауы қалай,
Пар келмес Тянь-Шаньға таулар талай!
Еріксіз ер түрікті ойға аларсың,
Көкке асқан Хантәңіріге қарай-қарай.

Балқашты бауырына алған Тарбағатай,
Жоталы, жер кіндігі — Памир, Алтай.
Қазықұрт қасиетті тау болмаса,
Топанда Нұқ кемесі тоқтар қалай?

Тұранның жері де жат, елі де жат,
Құйындай бастан кешкен күні де жат!
Тұранды түгелімен билеп тұрған
Ертеде ертегі хан Афрасияб.

Ежелден жер емес ол қарапайым,
Билесің тарихты ашсаң Тұран жайын.
Тұранға қасиетті құмар болған,
Ертеде Кей-Қысырау мен Зұлқарнайын.

Тұранға жер жүзінде жер жеткен бе?
Түрікке адамзатта ел жеткен бе?
Кең ақыл, отты қайрат, жүйрік қиял,
Тұранның ерлеріне ер жеткен бе?!

Тумайды адамзатта Шыңғыстай ер,
Данышпан, тұңғыық ой, болат жігер.
Шыңғыстай арыстанның құр аты да
Адамның жүрегіне жігер берер.

Шыңғыстан Шағатай, Үкітай, Жошы, Төле—
Атаға тартып туған бәрі бөрі.
Шыңғыстың қол бастаған екі көзі:
Жолбарыс Сұпытай мен көкжал Жебе.

Тұранның билері бар Тарағайдай,
Сол биден Темір туған от боп ойнай.
От шашып жер жүзіне Ақсақ Темір,
Жарқ етіп өте шыққан нажағайдай.

Тұранды мақтамаймын, тіпті текке,
Онсыз-ақ Тұран таныс талай шетке.
Сырласқан үйде отырып аспан-көкпен
Білгіш аз жеткен жүйрік Ұлықбекке.

Асыл қан — қасиетті түрік қаны,
Сол қаннан — Ибн-Сина Әбуғали.
Молдығы білімінің сиқыр дерлік,
Дүниеге мұндай адам туды ма әлі?

Түріктің кім кеміткен музыкасын,
Фараби тоғыз шекті домбырасын?
Шерткенде тоқсан тоғыз түрлендіріп,
Жұбанып, кім тыймаған көздің жасын?!

Тұранда түрік ойнаған ұсап отқа,
Түріктен басқа от болып жан туып па?
Көп түрік енші алысып тарасқанда,
Қазақта қара шаңырақ қалған жоқ па?

Арыстан елге отан болған Тұран,
Тұранда қазағым да хандық құрған.
Қазақтың қасқа жолды Қасым ханы
Тұранның талай жерін билеп тұрған.

Әділ хан аз болады Назардайын,
Алашқа Есім ханның жолы дайын.
Тәукедей данышпан хан құрған екен.
Басында Күлтөбенің Құрылтайын.

Бұл Тұран ежелден-ақ алаш жері,
Тұрансыз тарқамаған алаш шері.
Тұранның топырағында тыныштық тапқан
Алаштың арыстаны Абылай ері...

Шер батса кім іздемес туған елін,
Тұлпар да көксемей ме туған жерін?
Арқаның ардагері — қалың алаш,
Тұран да, біле білсең, сенің жерің!

Ертеде Оқыс, Яқсарт-Жейхун, Сейхун,
Түріктер бұл екеуін дария дейтін.
Киелі — сол екеуі су жағасына,
Болмаса, барсаңшы іздеп бабаң бейтін.

СӘРСЕМБАЙДЫҢ ЖЫРЫ

Домбырам басы бал қурай,
Басына қонар боз торғай,
Қалампырлы насыбай.
Насыбайды атпасам,
Ауырар менің басым-ай!
Домбырам менің екі ішек,
Күңіренеді еңіреп.
Мен де бірге күңіренем,
Көзіме ыстық жасым кеп.
Ай, албар-ды, албар-ды!
Сәрсембайда зар бар-ды,
Зардан басқа не болсын,
Шықпаған құр жан қалды.
Бетегелі барқыттай
Белес-белден айырылдым.
Балдан қалған сарқыттай
Күміс көлден айырылдым.
Ай мүйізді ақ қошқар,
Ақтылы қойды бөрі алды.
Шұрқыраған жануар
Жылқыларымды ұры алды,
Ұры алмады, түн алды,
Түн алмады, жын алды.
Жаяу қалдым, әйтеуір,
Біле алмаймын кім алды?!
Домбырамның құлағын
Бостау қылып бұрадым.
Жылқымның жөнін сілтеші,
Өркенің өссін, шырағым!
Домбырам менің қарағай,
Қылдың-ау шіркін, заман-ай!
Жат бауыр болған жас шіркін
Кеткенің бе қарамай?!
Домбырам менің зарлайды,
Зарламайды, қарғайды,
Мен де бірге зарлаймын,
Көзімнен жас парлайды.
Домбырам басы бал қурай,
Қалампырлы насыбай,
Насыбайды атқан соң,
Жазылар менің басым-ай!
Жазылса да бас, шіркін,
Тыйылмайды жасым-ай!..

ҚОЙШЫ БАЛА МЕН КҮШІК

Бір бағланды сойғызып,
Іргеге жастық қойғызып,
Үйіне болыс кеп отыр.

Құйрыққа бауырды астарлап,
Пыс-пыс етіп қос қолдан,
Сылқылдатып жеп отыр.

Қасындағы хатшысы,
Алаңғасар атшысы
Олар да асап жатыр-ау.

Почтабайың — пақырың,
(Асасаңшы ақырын?)
Қақалдың ғой, батыр-ау!

Бәйбіше мен бай да тоқ.
Қонақтан күтіп пайда жоқ,
Өз табағы өзінде...

Бір бала отыр анадай,
Беті-қолы қара май,
Көзі — болыс көзінде.

Қатқан тоны қаудырап,
Табаққа көзі жаудырап,
Отыр бала есікте.

Аузы толған түкірік,
«Кет!» — деп қояды жекіріп.
Қатар тұрған күшікке.

Бір мезгілде хатшы Иван,
Бір жілік ап атшыдан,
Есікке қарай лақтырды.

Жілік жерге жалп берді,
Жалп бергенде, тап берді.
Тап бергенде, шап берді.

Не күтіп болар күшіктен?
Тістей салып есіктен
Сып етіп шықты далаға.

Күшікке қайнап зығыры,
Артынан шықты жүгіре,
Іле-шала бала да.

Қойшы да болса бала еді...
Баланы не деп болады?!
Көңіліне қатты алғаны;

Шынымен көзге жас алып,
Үйді барып тасалап,
Күшікті теуіп қалғаны.

Үйде отырған бәйбіше:
«А, жүгірмек, қой десе!..» —
Деп балаға жекірді.

Сонда болыс ыңқ етіп,
Үйдің ішін мүнкітіп,
«Өһ!» — деп бір кекірді.

АНАМА

Өмірімнің қап-қараңғы түнінде,
Еш не білмес түсім бе, я өңім бе?
Оң менен сол, от пенен су айырмас,
Күшсіз, әлсіз есім білмес күнімде, —

Құшағыңа алдың, сүйдің сен, анам,
Ренжу жоқ, барлық сөзің: «Жан балам!».
Ыстық-суық, желге-күнге тигізбей,
Асырап, сақтап, болдың, анам, баспанам.

Түнде тұрып түн ұйқыңды төрт бөлдің,
Тыныш ұйықтасын деп аз сөйлеп, аз
күлдің.

Ыңырансам, я қарным аш, я тоңған
Екенімді ойламастан тез білдің.

«Жаным, — дедің, — қарашығым,
кұлыным», —

Сүйдің, қыстың, дедің: «Тәтті қылығың!»—
Қаз-қаз тұрсам, езу тартсам, құласам,
Я жыласам — бәрі жақты қылығым.

Жаным анам — жібек тілді, ақ көңіл,
Жазу болып, шегер болсам ұзын жол,
Шет жерлерде теріс жолдан сақтарға,
Жан балаңа ақ батаңды бере көр!..

ЖҮЛДЫЗДЫ — ЖҮЗІК, АЙДЫ АЛҚА ҒЫП БЕРЕЙІН

Келші, көзім, күн бетінді көрейін,
Сүйші, сәулем, тұншығып мен өлейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды — жүзік, Айды алқа ғып берейін.

Сөзің — сиқыр есті тұман басқандай
Ессіз жүрек дария болып тасқандай.
Күлкің Күнім, күндей күміс табаққа
Мінсіз сұлу меруертті шашқандай.

Шашың — толқың, жүрегімнің жарына
Соғылды да, батты улы зарыма.
Айнам, саған арнап жырлар жазамын,
Қаламымды малып жүрек қанына.

Жырларыммен кестелейін орамал,
Бүлдіргендей, бөбектайым, бетің бал.
Балға талай шыбын қонуға ұмтылар,
Ұмтылғанда орамалмен қағып қал.

Еркетайым, келсең егер қасыма,
Сәулелерден шоқ қадар ем басыңа.
Көз жасымнан меруерт тізіп берер ем,
Келші, күлмей көзден аққан жасыма

Келші, көзім, Күн нұрына көмейін,
Сүйші—өлейін, «неге өлейін?»—демейін.
Жет, жұлдызым, жылжып қана жібектей,
Жұлдызды жүзік,
Айды алқа ғып берейін!

ГҮЛСІМ ХАНЫМҒА

Бота көз, сиқырлы сөз, Гүлсім ханым,
Әр жерде өткізсек те өмір таңын,
Кей уақыт көзіңізге көзім түссе,
Ойнайды аласұрып неге жаным?!

Бота көз, сиқырлы сөз, ханым Гүлсім,
Көктегі күн күлмесін, Гүлсім күлсін!
Гүлсім — Күн, көкте ақырын жүзе білед—
Сүйдіріп, күйдіргенін қайдан білсін!

СЕН СҰЛУ

Білем анық: жанға жайлы Май сұлу,
Жарқ-жұрқ еткен майда нажағай сұлу.
Қызықты орман, көңілді еркін кең дала,
Күміс табақ көкте жүзген Ай сұлу.

Кешкі ескен жібек жылы жел сұлу,
Хош иісті түрлі-түсті гүл сұлу.
Әдемі аспан — төбедегі көк шатыр,
Асқар тауы, дариясымен жер сұлу.

Сылқ-сылқ күліп сылдыр қаққан су сұлу,
Көлге қонып қаңқылдаған қу сұлу.
Бейне айнадай жарқыраған айдыннан
Күн шығарда көтерілген бу сұлу.

Шаңқай түсте өткір алтын Күн сұлу,
Жымындаған жұлдыздармен түн сұлу.
Толып жатыр түрлі сұлу дүниеде,
Бәрінен де маған, сәулем, сен сұлу!

ШОЛПЫ

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Қанымды қайнатты құрғыр
Шық-шық жүрекке тиеді,
Күлпара талқан боп сынғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Өзекті өртеді құрғыр.
Әдейі іргеден жүреді
Сұлу қыз санадан солғыр!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Жүректі жандырды құрғыр.
Кеудені кернеді жалын,
Сәулем, періштем, тез кір!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Есімнен аударды құрғыр.
Лебізіңнен еріп барамын,
Жаным-ай, жақында, қол бер!

Сылдыр, сылдыр, сылдыр...
Талдым, қалды сұлдер.
Сыбырға айналды сылдыр,
Сылдыр, сылдыр, сылдыр...

СҮЙ, ЖАН СӘУЛЕМ

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Бұл ләззаттың бір минутын бермеймін
Патша тағы, бүкіл дүние малына.

Құшақтатып нәзік талдай беліңнен,
Сүйгіз, сәулем, тәтті балдай тіліңнен.
Бой шымырлап, талықсиды жүрегім,
Балқып денем, барам еріп деміңнен.

Кір қойныма, қыпша белің бұралып,
Тарқат шашың, жатсын жібек оралып.
Жаным! Жаным! Тезірек тисін төске төс,
Көз жұмулы, жиі ыстық дем алып.

Шашың — қара, денең — ақ бұлт, жүзің
— Ай,
Тісің — меруерт, көзің, сәулем, құралай.
Ләззат, рақат, бақыт — бәрі қойныңда,
Сұрамаймын енді ұжмақ — жақсы жай!

Сүй, жан сәулем, тағы да сүй, тағы да!
Жылы, тәтті у тарады қаныма.
Жасағаннан бір-ақ нәрсе тілеймін:
Өтпесе түн, атпаса екен таңы да!

МЕН КІМ?

Арыстанмын, айбатыма кім шыдар?
Жолбарыспын, маған қарсы кім тұрар?
Көкте — бұлт, жерде — желмен гулеген,
Жер еркесі — желдің жөнін кім сұрар?

Көкте — Күнмін, көпке нұрым шашамын,
Көңілге алсам, қазір ғарышқа асамын.
Шеті, түбі жоқ теңізбін қаракөк,
Ерігемін — толқып, шалқып, тасамын.

Жалынмын мен, келме жақын, жанарсың,
Тұлпармын мен, шаңыма ермей қаларсың.
Күл болсын көк, жемірілсін жер, уайым
жоқ,
Көз қырымен күліп қана қарармын.

Мен өлмеймін, менікі де өлмейді,
Надан адам өлім жоғын білмейді.
Өзім — патша, өзім — қазы, өзім — би,
Қандай ессіз не қылдың деп тергейді?

Мейірленсем — сегіз жұмақ қолымда,
Қаһарлансам — тамұқ даяр жолымда.
Жоқ жақыным, жасағандай жалғызбын!
Мен бе иілер әлсіз адам ұлына?!

Өзім — тәңірі, табынамын өзіме,
Сөзім — құран, бағынамын сөзіме!
Бұзушы да, түзеуші де өзіммін,
Енді, ескілік, келдің өлер кезіне!

МЕН ЖАСТАРҒА СЕНЕМІН

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты —
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
Көздерінде от ойнар,
Сөздерінде жалын бар,
Жаннан қымбат оларға ар,
Мен жастарға сенемін!
Жас қырандар — балапан,
Жайып қанат ұмтылған.
Көздегені көк аспан.
Мен жастарға сенемін!
Жұмсақ мінез жібектер.
Сүттей таза жүректер.
Қасиетті тілектер —
Мен жастарға сенемін!
Тау суындай гүрілдер,
Айбынды алаш елім дер
Алтын Арқа жерім дер,
Мен жастарға сенемін!
Қажу бар ма тұлпарға,
Талу бар ма сұңқарға,
Иман күшті оларда,
Мен жастарға сенемін!..
Алаш айбынды ұраны,
Қасиетті құраны,
Алаштың олар құрбаны,
Мен жастарға сенемін!
Мен сенемін жастарға.
Алаш атын аспанға
Шығарар ол бір таңда,
Мен жастарға сенемін.

ТҮТҚЫН

(М. Д-ға хат)

Кеудеде — от, іште — жалын, көзде — жас,
Күні-түні қайғы жұтқан сорлы бас,
Сабан төсек, тым қараңғы жатағы,
Наны қара, шайы қара, қарны аш!

Күн түсірмес мейірімі жоқ қаратас,
Ағармай ма мұндай үйде қара шаш?
Жанында жоқ жаны ашитын жақын жүз,
Тасбауырлар ыңғайына қарамас.

Жарық сәуле не Ай, не Күн көрсетпес,
Жақынының: «Ой бауырымын!» естірмес.
Іс — санаулы, сөз — андулы, ерік жоқ,
Өз қолымен ұнамды тон піштірмес.

Қайғыланба, сорлы тұтқын, еш нетпес,
Күн батқанмен, таң атпайтын түн жетпес.
Ер жүректі азаматтың басына
Бұл жалғанда нелер келіп, не кетпес?

ЖЕР ЖҮЗІНЕ

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Қайраты мол қандыбалақ қыранмын,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған.

Еркін ырғып шыққам асқар Алтайға,
Қырда тұрып садақ тартқам Қытайға.
Талай тайғақ, тар кешуде таймаған
Батыр жүрек, қайрат енді алдай ма?!

Талмай, қайтпай қамал бұзған кеменгер,
Арыстанға қарсы ұмтылған мендей ер.
Бір барқылдақ жалпылдаған төбеттен
Қорқар болсам, жұтсын мені қара жер!

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Күш кеміді, айбынды ту құлады;
Кеше батыр—бүгін қорқақ, бұғады.
Ерікке ұмтылған ұшқыр жаны кісенде,
Қан суынған, жүрек солғын соғады.

Қыран құстың қос қанаты қырқылды,
Күндей күшті, күркіреген ел тынды.
Асқар Алтай — алтын ана есте жоқ,
Батыр, хандар—асқан жандар ұмытылды!

Ерлік, елдік, бірлік, қайрат, бақ, ардың
Жауыз тағдыр жойды бәрін не бардың...
Алтын күннен бағасыз бір белгі боп,
Нұрлы жұлдыз, бабам тілі, сен қалдың!

Жарық көрмей жатсаң да ұзақ, кен — тілім,
Таза, терең, өткір, күшті, кең тілім.
Тарап кеткен балаларыңды бауырыңа
Ақ қолыңмен тарта аларсың сен, тілім!

ЖАУЫНГЕР ЖЫРЫ

Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен; айдарым!
Қолымда найза көк болат —
Ерлігіме айғағым.
Ел дегенде көпіріп,
Жарайсың, қаным, қайнадың,
Халқымнан мен садаға,
Бекіндім, басты байладым.
Көктегі кәрі Күн куә —
Ежелден жаудан таймадым.
Қорқыныш емес нажағай,
Нажағай —өзім, жайнадым.
Білгенін енді істесін,
Өлімменен ойнадым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым.
Қазам жетсе майданда,
Басымда найзам — сайғағым.
Қайратты, қайтпас жан досым —
Ерлігіме айғағым.
Желе бер, жаным Қаракөк,
Желкілде желмен, айдарым!

ТОЛҚЫН

Толқыннан толқын туады,
Толқынды толқын қуады,
Толқынмен толқын жарысад.
Күңіренісіп кеңеспен,
Бітпейтін бір егеспен
Жарысып жарға барысад.
Толқын мен толқын сырласып,
Сырларын еппен ұрласып,
Толқынға толқын еркелеп,
Меруерт көбікке оранып,
Жыландай жүзге бұралып.
Жарға жетер ентелеп.
Ерке бала былдырлап,
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Толқынды толқын қуады.
Күміс кәусар суымен,
Суының алтын буымен
Жарының бетін жуады.
Мөлдіретіп көз жасын,
Жасымен мен жуып жартасын,
Сүйіп сылқ-сылқ күледі.
Жылағаны — күлгені,
Күлгені оның — өлгені,
Жылай, күле өледі.
Сылдыр, сылдыр, сылдырлап,
Бірінің сырын бірі ұрлап,
Толқынды толқын қуады.
Жарына бал береді,
Береді де өледі,
Өледі толқын, тынады.



Қоғамдар

БАТЫР БАЯН

Бірінші тарау

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі өткенді ойлап айнымасам,
Сұм өмір күшті уын аяды ма?

Ертегі уатпай ма баланы да,
Сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да?
Ақын да бір бала ғой айға ұмтылған,
Еркімен өзі-ақ отқа барады да.
Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда,
Қанды ор боп ақын жолы қалады да.
Ойлайды, күңіренеді, толғайды ақын,
Күрсініп көзіне жас алады да.
Ақында адамзаттан дос болмайды,
Жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына.

Мен де ойды ағытамын қаламыма,
Арқаның көз жіберсем алабына:
Сарыарқа — сары дария, қиыры жоқ
Көз болсын, қандай қыран, талады да.
Ішінде сары дария көз тоқтатар
Көкшетау — Сарыарқаның аралы да.
Көкшеде күні кеше қойдай өрген
Түрлі аң: бөрі, бұғы, маралы да.
Айрылып асау, ерке аңдарынан
Көкшенің тас жүрегі жаралы да!

Арқада жер жетпейді Бурабайға,
Бөленген бұйра сыпсың қарағайға.
Бұлт құшқан мәңгі мең-зең Көкшетауға
Бөлектау: «Ой, бауырым!» — дер анадайда.
Оқжетпес найза қия — қыранға ұя,
Қарасаң жанның шері тарамай ма?
Солардың ортасында Бурабай көл,

Мөп-мөлдiр, дөп-дөңгелек ұқсайды Айға.
Бурабай — Арқа аралы, жер еркесi,
Ертеде қоныс болған Абылайға.

Бауырында Бурабайдың қалың ағаш
Көкшенің жалыменен біткен жалғас.
Арудың ақпен өрген тұлымындай
Қарағай, қызыл қайың, тал аралас.
Ертеде жел өтпейтін қызыл ағаш,
Дарига, бұл күндерде жап-жалаңаш!
Қабірінен әулиенің алашқа артық
Ертеде Абылайға орда болған ағаш.
Ордасын сол ағаштағы Абылайдың
Меккедей тәуеп қылған тамам алаш.
Қиын күн туған алаш баласына
Шұбырып жапанның сар даласында,
Кез болған жаудан үркіп «Ақтабанға».

Дұшпанның қалғандай боп табасына.
Арқаға аяқ салып, түскен барып
Екі оттың — орыс, қытай арасына.
Күндерде сонау — қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.

Алыстан орыс, қытай — ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында—ор, алдында—көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.
Күндердің бір күнінде хан Абылай
Қалмаққа (ойына алды) — ойран салмақ.
Ханынан: «Аттан!» деген сөз шыққан соң,
Ордаға батыр, билер келді андап.

Жиылды өңшең ноян ығай-сығай,
Байжігіт, Тасболат пен би Толыбай,
Ту баста Абылайды хан көтерген
Қамқоры Қарауылдың шешен Қанай.
Ашуы жауған қардай, шөккен нардай
Қарт қыран Қанжығалы қарт Бөгенбай,
Бөкеңнің жас жолбарыс жеткіншегі
Аузынан жалын шашқан жас Жанатай.

Найзасын нажағайдай ойнататын
Жас барыс Бәсентиін Сарымалай.

Балталы, екпінді оттан Оразымбет,
Сырғалы, шапшаң оқтан ер Елшібек,
Өзіне тірі жанды тең көрмейтін
Тәкаппар Қошқар ұлы ер Жәнібек.
Қалданға ханмен бірге тұтқын болған
Жолдасы Абылайдың батыр Жәбек.
Майданда от шашқандай оқ шашатын
Сырттаны Бәсентиін ер Сырымбет, —
Осындай өңшең көкжал жиылыста
Күңіреніп жолбарыстай: «Жау қайда?» —
деп.

Әрі ақын, әрі батыр Қарабұжыр,
Айтатын өрлеп барып аспанға сыр.
Бұқар мен Тәтіқара жырлағанда,
Толқынды тұңғиық боп төгілер жыр.
Осылай думанменен күндер өтіп,
Батырлар ерікті енді жатқанға құр.
Аттан деп әлі айтпаған Абылайға
Көкжалдар дей бастады: «Жүр енді, жүр!»
Алайда Абылайдан сөз болмады,
Сондықтан бұғып, бықсып туды күбір.

Жиналған өңшең бөрі Бурабайға,
Алаштың кебесіндей¹ ізгі жайға.
Абылай тұңғиық бір терең ойда.
Бәрі де ел қорғаны — батыр, билер.
Аттанбай тек жатудан таппай пайда:
«Жүрелік, жау басынар!» — деген сөзбен
Салады Қанай биді Абылайға.
Би Қанай: «Бұ қалай?» — деп бастағанда,
Абылай сұрайды одан: «Баян қайда?».

«Қанайым, ойың удай, тілің шаян,
Амал не, келген жоқ қой батыр Баян.
Көп жаудың албастысы, ел еркесі
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның аруақты құр атынан
Көп қалмақ болмаушы ма ед қорқақ қоян?
Наркескен, өрттей ескен, қайтпас болат
Баянсыз қанатымды қалай жаям?!

¹Кебе — қағба мағынасында.

Би Қанай! Аттанбайды хан Абылай,
Келмесе қандыбалақ батыр Баян!» —

Деген соң ойы теңіз хан Абылай,
Аяндап батырларға қайтты Қанай.
Байлаулы бөрілерді аза қылмай,
Кестелеп, сөзбен сипап айтты Қанай,
Күндеу ме, көтеру ме? — кім біліпті, —
Батырлар десті жалғыз «Баян бала-ай!» —
Көкшенің бауырында өңшең көкжал
Күңіреніп күтіп жатты күндер талай.
«Жау!» — десе жатпайтұғын батыр Баян,
Апырм-ай, келмеуінің мәні қалай?

Жас Баян жауды талай көрмеп пе еді,
Сорғалап сұңқардайын төнбеп пе еді,
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірмеп пе еді?!

Жебесі көбе¹ бұзып, жүректі үзбей,
Найзасын, сірә, шалғай сермеп пе еді?
Бірін айт, бәрін айт та, басқа батыр
Баяндай «Алашым!» — деп еңіреп пе еді?
Бұл жолы кешігуі жай емес қой,
Тұлпарым кез болды ғой орға, тегі!

Арқада бір өзенді дер Обаған,
Сол жерде азғана Уақ қоныс қылған.
Уақтың ерте күнде өжет-қайсар
Ер Көкше, Ер Қосайдай ері болған.
Сол ері ерте күннің, Ер Көкшенің
Нәсілінен қайтпас алмас Баян туған.

Баянның ер ағасы батыр Сары,
Қос қыран тізе қосып жауын қуған.
Айналып оны айт, мұны айт, Баянды айт,
Ер Баян алашының бетін жуған.

Ол күндер аз қазақ пен қалың қалмақ
Қыранмен қара құстай алысқан шақ.
Баласы алты алаштың Абылайдың
Астында ақ туының табысқан шақ.
Қазақтың батырлары бәрі қыран,

¹Көбе — сауыт.

Сонда да бір батыр жоқ Баяндай тап.
Жауының бір жорықта бір сұлуын
Ер Баян алып қайтқан артына сап.
Баянның алып қайтқан сол сұлуы —
Балдырған бөбек дерлік, он төрт жаста-ақ.

Сол сұлу сұлу екен атқан таңдай,
Бір соған бар сұлулық жиылғандай.
Торғын ет, шапақтай бет, тісі меруерт,
Сөздері — су сылдырлап құйылғандай.
Бір улап көзқарасы, бір айнытқан,
Жұлдыздай еркелеген сөнбей-жанбай.
Лебізі—жібек лебі, жұмақ желі,
Кәусардай татқан адам қалар қанбай.
Шын ер ғой батыр Баян алып қайтқан
Еліне сол сұлуды, естен танбай.

Ер Баян жас сұлуды алып келген,
Сұңқардай бабындағы сұқсыр көрген.
Қан жауып екі көзін қанды балақ
Ілмекке қоңыр қазды көңіл бөлген.
Марал бар оққа ұшпайтын, тым сақ бірақ
Кезеңде кез келсе де қандай мерген.
Болмасын жас сұлудың білгеннен соң
Ер Баян қарындас қып ерік берген.
Алайда ар алысқан жүрегімен
Теңізде алысқандай күшті сеңмен.

Қалмақтың қайсар қызы қайырылмаған,
Болаттай жасу білмей, майырылмаған.
Жап-жас қыз сұмдығы мол сыр бермейді,
Жандай-ақ ойдан аулақ қайғырмаған.
Алаштың аруы боп кетсе-дағы,
Жанымен өз жұртынан айырылмаған.
Сұм сұлу анадайдан «ағатайлап»,
Баянда жан қоймаған жандырмаған.
Сонда да сыр шығармай батыр Баян
Жастық қып жанын естен тандырмаған.

Осылай іштен күйген батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Баянның інісі бар он бес жаста —
Бөрінің бөлтірігі — бала Ноян.

Ноянның бар ақылы білегінде,
Билеген асау жүрек, қайнаған қан.
Келгенде-ақ сұлудың бір қарауынан
Ноянның жүрегінде ұшқын туған.
Сол ұшқын өртке айналып, жап-жас Ноян
Алысып жүрегімен, аласұрған.

Жастықта жалынданып сүйген қандай!
Баладай өксіп жылап, күйген қандай!
Көрмесен жан-жарыңды өлгендей боп,
Қайғырып күлден кебін киген қандай!
Кеудене жан кірмей ме, көзің шалса,
Өмірің жаңа ағарып атқан таңдай.
Кеуденді қасиетті сәуле кернеп,
Жүрегің сол минутте жарылғандай.
Не дерсің салпаң құлақ есектерге,
Өгіздей өмір сүрген сүймей-жанбай!

Ноян да сол сұлуға — тәтті балдай,
Мөлдіреп қараушы еді көзі талмай.
Мас болып, дене түгіл, жаны елжіреп,
Жұтқандай сол сәулені демін алмай.
Алайда бұзық ойдан аулақ еді,
Сұлуға, тәңірі көріп табынғандай.
Жанса да жап-жас Ноян, сұм сұлу қыз
Көп заман жүрді бірақ көз де салмай.
Сонда да кейбір кезде ақ бетіне
Бір нәрсе жүгіруші ед ыстық қандай.

Айға алтын күн нұрынан сәуле бермек,
Шалқыған махаббат — от аспанға өрлеп.
Жүрегін өзі сүйген отты жүрек
Оятпақ тас болса да, зарлап тербеп.
Басында сыр бермеген сұм сұлуға,
Біраздан бола бастар күлкі кермек.
Нояннан о да көзін алмас болды,
Күйдіріп жас жүрегін жалын кернеп.
Шешілді екі жастың жұмбақтары
Екеуі бір іңірде сайда кез кеп...

Сиқырлы гүлге оранған жібек майда,
Сылдырлап сылқ-сылқ күлген терең сайда,
Ерке өзен жанын өртеп, жармен ойнап,
Сүйгізген ақ бетінен күміс Айға.

Сондай бір жібек кеште жаны өртеніп,
Екеуі «эу!» дескендей барған сайға.
Аулақта сүйіскен жан ұшырасса,
Еріксіз тамырларға у тарамай ма?!
Анттасып, айырылмасқа сөз байласып,
Бастық деп арасыға адым санамай ма?

Жас Ноян қызды көріп от боп кетті,
Көздері қызыл жалын шоқ боп кетті,
Жер мен көк, ай, жұлдызды тұман басып,
Бір қыздан басқа нәрсе жоқ боп кетті.
Келді де қызға жалын сөздерімен
Шығарды жан ұшырып іштегі өртті.
Бір күйіп, бір суынып, бір елжіреп,
Біресе жас баладай жасын төкті.
Өртемей отты жүрек қоймақ па екен,
Тақады сұлу қыз да бетке бетті.

Қыз сонда: «Ноян бауырым — кебем!» —
деді.

«Мен сенің сүйгеніңе сенем», — деді.
«Сүйемін мен де сені, тәңірі куә,
Тән түгіл жаным саған берем?» — деді.
«Нояным, бірақ сенен қалауым бар», —
Деді де сұлу ойға терендеді.
Сұлудың сырға толы торғын беті-ай,
Бетінде ешбір толқын көрінбеді.
Біраздан көздеріне жас мөлдіреп,
Жас сұлу жылап тұрып күлімдеді.

Қыз сонда: «Қалауым бар, Ноян батыр,
Адасқан ақку құстай мен бір пақыр.
Арқаның аруы боп жүрсем-дағы,
Алыста туған өскен жерім жатыр.
Өткізген балаусадай бөбек күнім,
Барқыттай белес-белес белім жатыр.
Айбынды арыстандай құмда кезген,
Күңіреніп қалың қалмақ елім жатыр.
Барқыт бел, қашқан қалмақ қалсын адыра,
Ата-анам — айым менен күнім жатыр.

Ер Баян біздің елге барған еді,
Көп қойға көкжал ойран салған еді.
Бөбегін шырылдатып ап кеткенде
Ата-анам жылап-зарлап қалған еді.

Сорлы анам көкірегін көкке сауып,
Қаң жылап менен бір ант алған еді.
Ол анты: «Елдің шетін, апаң бетін
Бір көрмей, қозым, ерге барма!» — деді.
Анама сөзім — анау, өзім — мынау,
Жас Ноян, жүгінемін ер деп сені.

Көр болсақ, көрді көрмей, тәңірі оңдай ма,
Ер Баян неге батқан терең ойға?
Мен сорды көргеннен-ақ сүйген Баян,
Қосылсақ, Баянға ауыр дерт болмай ма?
Биікке кетпей киік ойда ойнаса,
Ашулы арыстанға мерт болмай ма?
Екеуіміз Сарыарқадан сапар қылсақ,
Қатерсіз қосылуымыз берік болмай ма?
Қаны бір ел еді ғой қазақ, қалмақ,
О да бір саған туған жұрт болмай ма?!» —

Деп сұлу сыбырлады сиқыр сөзін,
Толтырып меруерттей жасқа көзін.
«Шыдашы, кәне күймей!» — дегендей-ақ,
Ноянға тақап тұрып жалын жүзін.
Жас Ноян жас қанына тұншыққан соң,
Ұмытпай тұрсын қалай өзі-өзін!
«Жарайды, даярмын!» — деп айтып салды,
Ойланyp бір минут та қылмай төзім.
Сол сайда уәделерін бекітісіп,
Екеуі аймаласты ыстық жүзін.

Сол уақыт мезгіл екен дәл таң алды,
Төзім қып албырт Ноян күтпей танды,
Жүгіріп жан ұшырып, жаяу барып,
Жылқыдан екі жүйрік таңдап алды.
Азырақ азық алып, қару-жарақ,
Жүйрікке әсем абзал тұрман салды.
Сөйтті де Сарыарқамен есендесіп,
Екеуі ескен желдей кетіп қалды.
Кетті олар. Сәске болды, ауыл тұрды,
Алдымен Ер Баянға хабар барды.

Боз үйде жатыр екен Баян жалғыз —
Керілген күнге еркелеп жас жолбарыс.
Ауылдың ақсақалы сөзді әкелген
Деп бастап: «Баян-айым, бір масқара іс
Өткен түн болып қапты...» — деп шұбыртып,

Жаудырды екі жасқа нәлет - қарғыс.
Алайда жас Ноянды ақтай сөйлеп,
Дей берді: «Қылды-ау бізге қалмақ қар
қыз!».

Ер Баян сұп-сұр болып деді бірақ:
«Жарайды... Бар, ақсақал. Ойланармыз».

Боз үйде жалғыз қалып Баян енді,
Жаралы жолбарыстай күңіренді.

Қорғасын миын, ойын төмен басып,
Ақылға алғыр құстай ашу төнді.
Бір көк сұр түс енгізіп бар денеге,
Сұм жүрек қанды өзіне жинай берді.
Ақыры ашу ерді билеп кетіп,
Жалп етіп сөнген шамдай ақыл өлді.
Өлді ақыл. Атып тұрып батыр Баян,
Боз үйден оқ жыландай шыға келді.

Ер Баян сол кеткеннен кете барды,
Мініп ап белдеудегі көк тұлпарды.
Дулыға, қалқан, көбе қалған ұмыт,
Белінде жалғыз-ақ бір садақ бар-ды.
Бауырынан Обағанның орғып өтіп,
Арыстан айдалада дүбір салды.
Дауылдай талмай есіп, желдей ұшып,
Түс ауа Жолдыөзекке жетіп қалды.
Кермиық Жолдыөзектің даласында
Алыстан екі қараны көзі шалды.

Атығай-қоныс салған Жолдыөзекке,
Құнарсыз, ащы татыр сорлы өзекке.
Жолдыөзек — жолсыз өзек, құтсыз, отсыз.
Алдымен жау да салған қолды өзекке.
Айырылып байлығынан көп соққы жеп,
Көз жасы Атығайдың толды өзекке.
Алаштың Асан Қайғы даңышпаны
Кетпеген «Қанды өзек» деп, тіпті текке.
Ежелден құт дарымай, қағынған жер,
Қайғылы бір іс болды сол өзекте.

Алыстан екі қара көрді Баян,
Кілегей қара бұлттай төнді Баян.
Ой жоқ боп, жүрек шоқ боп, құр екпін боп,
Сұңқардай сорғалаған келді Баян.

Қыз түгіл, қаны бірге өз бауырын
Танымай қалғандай да болды Баян.
Байланған белде сала садағына
Қалшылдап қалды салып қолды Баян.
Ашуын арыстанның байқаған соң,
Майысып тұра қалды жап-жас Ноян.

Жас Ноян жүйрігінің мойнын бұрды,
Жас Ноян ер Баянға қарсы жүрді.
Жақындап келіп қалып ағасына
Түсінен шошыды да, тоқтап тұрды.
Жапанда аға-іні: Баян, Ноян, —
Алып кел көз алдыңа Ай мен Күнді.
Дұрысы — күміс күлген күндізбенен
Түнерген қара бұлттай қара түнді.
Алайда, ерке бұлан Ноян-ұлан
Ашулы ағасына қарап күлді.

Бір күлді балдырғандай Ноян бала,
Ашылған шешек жарып гүлдей жаңа.
Еріксіз сотқарлығын кешіретін
Еркелеп ерке ұландай күліп қана.
Көрсен де дауыл гүлді — басылмады,
Ер Баян арыстандай жаны жара.
Қалшылдап, көзі қан боп, қолын алмай
Байланған садағынан белде сала.
Жас Ноян «Жан көке!» — деп сөз қатқанша,
Сұлу да жетіп келіп: «Баян аға!» —

Дегенше, қалды тартып батыр Баян,
Баянның батырлығы алашқа аян.
Оқ тиіп жүрегінен құлап түсті
Атынан бүктетіліп бөбек Ноян.
Жын шуы басқандай боп естімеді
«Жан көке, аға!» — деген сөзді Баян.
Садағын сол секундта тартты тағы
Бір ашып, бір жұмбай да көзді Баян.
Үстіне інісінің денесінің
Түсірді тағы ұшырып қызды Баян.

Екі жас аттарынан ұшып түсті,
Түскенде бірін-бірі құшып түсті.
Жүректен атып ыршып шыққан қанмен
Жалғыз-ақ «Аһ» десті де, «Жаным!» —
десті.

Комағай қара топырақ бүлкіл қағып,
Асығып екі жастың қанын ішті.
Күлдей қу, тұнжыраған түндей болып,
Жия алмай, құр теңселіп ақыл-есті,
Тұрды да біраздан соң батыр Баян,
Атынан есі ауғандай құлап түсті.

Бірталай талғандай боп жансыз жатып,
Тұңғыық көмескі көп ойға батып.
Ер Баян есіп жиып, екі жасқа
Бір қарап, қара тастай қалды қатып.
Сол кезде сар дала да күңгірт тартты.
Еңкейіп бара жатты күн де батып.
Құшақтап ақ селеуді жылады жел
Өзінің қасірет жырын қоңырлатып.
Құшақтап екі жасты күңіренді ер
Көзінен ыстық жасты сорғалатып.

Қайғыдан жарылғандай қайран жүрек,
«Уһ-уһ» — деп үзілгендей есіл өзек.
Қасіреті қара түндей Ер Баянның
Алдында бүлдіргендей екі бөбек.
Аузынан уыз шыққан екі жасты
Ер Баян сүйді құшып кезек-кезек,
Жапанда жапа-жалғыз еңіретті ерді.
Әлгіде ойды улаған ашу кезеп.
Ашудан бұғып қалған қорқақ ақыл
Күбірлей бастады енді: «Мұның не?» — деп.

Зарланып күңіренді батыр Баян,
Мезгілде күңгірт тартқан кешке таман:
«Кең ақыл, отты қайрат, сырттаным» — деп,
Ер едім еркелеткен алаш тамам.
Сындырдым азғана Уақ елім белін,
Елімнен кетіп елді қайдан табам?
Жейтұғын өз күшігін болдым бөрі,
Ісімді мынау ағат немен жабам?
Қарабет болдым алаш баласына,
Ер дер ме енді мені Абылай данам?!

Жорыққа қу қалмаққа жүрдім неге?
Тобына көк бөрідей кірдім неге?
Тәтті бал, балауса тал жас сұлуды
Көр болғыр, екі көзім, көрдің неге?
Садақтан жүрегінен тартып кетпей,

Жыландай бауырыма сап келдім неге?
Әйелдей баса алмайтын жүрек жынын
Есалаң жүрекке ерік бердім неге?
Буынып сол боз үйден шықпай өлмей,
Атылып оқ жыландай тұрдым неге?!

Ойламай, белді бекем будым неге?
Қозымды қас дұшпандай құдым неге?
Майысып Ноян қалқам, ерке марқам,
Қасқайып қарсы алдымда тұрдың неге?
Бауырыма тас жүрегім жібімеді-ау,
Бір ата, бір анадан тудым неге?
Салдырап шіріп қалғыр саусақтарым
Қанымен өз қозымның жудым неге?
Күнәсіз екі жасты өлтіргенше,
Өлмедім ішіп уын удың неге?!

Сұлу-ай, қалмай маған ердің неге,
Жыландай бауырыма кірдің неге?
Қадалды оқ-кірпігің жүрегіме,
Жүрегім тілім-тілім тілдің неге?
Жұлдыздай аспанда алыс жымыңдаған
Алыстан «ағатайлап» күлдің неге?
Секіріп суда ойнаған шабағымды,
Сұм сұлу, қармағыңа ілдің неге?
Тірлікте бетіңнен бір сүйе алмадым,
Тіл тартып, ерке тотым, өлдің неге?!

Күй, жүрек! Көл бол, жасым! Өртен, ішім!
Алдымда айнама жатыр бөбек пішін.
Сұм садақ кетсе де үзіп жас жүрегім,
Жойған жоқ құлыншағым ерке түсін.
Сорлы ағаң атып жығып өз інісін,
Иіскейді енді зарлап аппақ төсін.
Тартқанда сынбадың-ау, сұм садағым!
Қайтейін, арымадың, арда күшім!
Жоқ, әлде, жоқ, жоқ... Әлде..., Өлтірдім бе,
Інімді алты алаштың намысы үшін?!

Арқамдай жер жүзінде жер бола ма?
Айбынды алашымдай ел бола ма?
Алашта ертеде өткен екі арыстан:
Ер Көкше, Ер Қосайдай ер бола ма?
Солардың нәсілінен Сары, Баян,
Барыстай ойын салған сар далада.

Інісі Ер Баянның — жасық Ноян
Атадан азып туған дер болар ма?
Құл болса бір қыз үшін балдырғаны
Алашқа бұдан да ауыр шер бола ма?!

Дариға, жұбанамын, жел ойменен,
Тартпадым сұм садақты бұл ойменен.
Тандырған мені есімнен ғашықтық қой,
Бір тынбай сұр жыландай жаным жеген.
Өз бауыры, өз сүйгенін өзі өлтірген
Болар ма, сірә, сорлы адам менен?!
Алдымда «Көкежан!» — деп күліп тұрған
Садаға кетпедім ғой, қозым, сенен.
Ел беті енді маған болсын, арам,
Алашым, аттанамын, жауыңда өлем!» —

Деп зарлап, күңіренді жаралы ер,
Айрылған екі жаннан қаралы ер.
Зарланып көзінен қан тамшылатты,
Тұңғиық жанды жеген қап-қара шер.
Жүрегі тас болса да шыдай алмай,
Қамығып, қайғы басып, күрсінді жер.
Молайтып минут сайын қасірет жырын
Жаныңда өксіп-өксіп жылады жел.
Бозарып бел артынан таң атқанда,
Соққыдан сенделгендей, тұрады ер.

Күміс таң жерге күміс сәуле шашты,
Сәуле мен қараңғылық араласты.
Алыспас адал, арам бекерге ұзақ,
Жеңіліп қараңғылық жылжып қашты!
Сол кезде жаны жара батыр Баян,
Үңгір ғып қара жердің бетін ашты.
Жапанда қазған суық тар үңгірге
Көтеріп көмді әкеліп екі жасты.
Топырақ екі жанын жасырған соң,
Ер Баян тағы көл ғып төкті жасты.

Ер Баян көмді екеуін дөң басына,
Түсірмей бір топырақ ортасына.
Ап шыққан қаруларын сүйеп-сүйеп,
Ноянның көмді бәрін өз қасына.
Отырды топыраққа ұзақ басын қойып,
Шомылып қанды ыстық көз жасына.
Аздан соң мінді атына батыр Баян

Сиынып бір жаратқан алласына.
Жолбарыс жортып кетті бетін түзеп,
Шандатып, Абылайдың ордасына.

Жас Баян жауды талай көрген еді,
Сорғалап сұңқардайын төнген еді.
Майданда жолбарыстай жалғыз ойнап,
Сан қолға аш бөрідей кірген еді.
Жебесі көбе бұзып, жүректі үзіп,
Найзасын ылғи дәлдеп сермеп еді.
Бірін айт, бәрін айт та — Батыр Баян
Туғаннан «Алашым!» — деп еңіреп еді.
Көкжалдың осы жолы кешіккені,
Осындай тұлпар орға кез кеп еді.

ЕКІНШІ ТАРАУ

Өткен күн таң-тамаша ертегі ғой,
Ерлері ертегінің өрт еді ғой.
Айырылып от екпінді ерлерінен
Алаштың жанында ауыр дерт еді ғой.
Сонау дерт түгелімен ауып маған,
Дарига, жүрегімді өртеді ғой!
Ер көрмей, көрден басқа; сұр өмір де
Шерлі жан шерлі кеңес шертеді ғой,
Жадырап жаным, шерім тарқар еді,
Кеңесім тыңдаушыға сала алса ой.
Күңіреніп ойлағанда алаш жайын,
Жанымды орай берсе улы уайым.
Кеудеме күннің нұры толғандай боп,
Жырлаймын алты Алаштың Абылайын.
Арсыға асқандаймын, тауап қылсам,
Кебедей Абылайдың Бурабайын.
Күңіренген жырымменен мен разымын
Алаштың жоқтай білсем Баян-айын.
Жырлаймын, күңіренемін өткенді ойлап,
Кеудеме улы уайым толған сайын.

Кірейін кеңесіме күңіrentкен,
Ер Баян жөнелді енді Жолдыөзектен.
Қамшыны көміп-көміп алды батыр
Ашуын алатындай тұлпар көктен.
Мұңайып мәнді мұңды белдер қалды,
Жынды жел сақ-сақ күліп сүйді беттен.

Жан-жақта жас қайыңдар қала берді
Иліп әдеппенен сәлем еткен,
Ер жортты. Сәске болды, көзі көрді
Көкшені бал алысқан аспан-көкпен.

Көкшеде өңшең көкжал аялдаған,
Қырандар қанаттарын жая алмаған.
Ханына Абылайдай: «Болады!» — деп
Бір берген сөзден елдер тая алмаған.
Ерігіп, әңгіме қып өткен күнді,
Қанішер Болат жайын баяндаған.
Қайратқа құса болған сол қырандар
Алыста қара көрді аяңдаған.
Жақындап қара ордаға келген шақта
Шықты айқай топтан шулап: «Баяндаған!»—

Аяңдап топқа тура келді Баян,
Келді де көпке сәлем берді Баян,
Кудай боп құс төресі топ төрінде
Отырған Абылайды көрді Баян.
Басқаға мойын бұрып бір сөз қатпай,
Абылайға балпаң басып жүрді Баян.
Бәйтерек тұңғиыққа төнгеніндей,
Алдында қол қусырып тұрды Баян.
Тұрды да деді: «Алдияр, сөзім қысқа,
Екенім менің Баян алашқа аян.

Алдияр, ел ағасы, ханым дана,
Алашқа ауыр күнде болған пана.
Кешігіп, күнәлі боп, енді алдыңа
Келді ерің іші жалын, жаны жара.
Тұңғиық кез болды ғой кешуі жоқ,
Болмаса шыққанда «Аттан!» ер тұра ма?
Талқыға жан жарасын сала алмаймын,
Мәнімді мен айтпайын, сен сұрама.
Тілегім — енді жауға аттаналық,
Қан көрсе, қас қыранда шер тұра ма?!».
Абылай ерін күткен көптен зарығып,
Қолынан Баян-айын алды тартып.
Алдына отырғызып, күміс кернеу
Керсеннен көкжалына берді сарқыт.
Берді де бүгіп басын ойға кетті,
Асқардай ой билеген мәңгі қалғып.
Аздан соң көтеріліп жан-жағына

Қарады жер жиһанның бәрін тар ғып.
Қарады, қыран сөзі қысқа болды:
«Таң ата жүреміз!» — деп берді жарлық.

Ежелден Абылайда екі сөз жоқ,
Сөз шықты: «Болады!» — деп тарады топ.
Топ тарап, ат-тұрманын даярлады,
Біраздан дамылдады ел, мезгіл түн боп.
Жібектей жұмсақ жылы жаздың түні
Бұлтымен құшақтады Көкшені көк.
Керілді ерке Көкше күміс Айға:
«Сәуленді, сәулем, көбірек төкші-төк!»
— деп.

Бетінде Бурабайдың ерке толқын
Бір тынбай, күліп жарды сүйді шөп-шөп.

Түн өтті. Жер шетінде алтын таңды.
Жорғалап, жүз бұралып, жел қарсы алды.
Сарғайып сары белден таң атқан соң
Абылай қолға: «Аттан!» — деп хабар салды.
Бәрі де болат тұяқ бедеу мініп,
Батырлар қатар түзеп келіп қалды.
Жөңкіліп күзді күнгі көшкен бұлттай.
Қап-қара, ортасы ой боп, қол қозғалды.
Асырып ертегіше айтқан жанға
Қаранар қайыспайтын жер шайқалды.
Жөңкіліп көшкен бұлттай барады қол,
Кейде қол түнерген тау, қайғысы мол.
Кей кезде тентек толқын екпінімен
Шу қойып, шабуылдап алады қол.
Шаңы — бұлт, бұлты — шаңға айналған соң,
Атаған ерлер жолын деп: «Шаңды жол».
Тартты қол. Қалды өрлер. Қалды белдер.
Бастаған Бұғыбай басшы қол көрмес шөл.
Бірнеше тәулік бойы тынбай тартып,
Қол енді жүрді бойлап бір айдын қол.

Балқаш қой, бұл айдыны сылдыр қаққан,
Балқаштың бетін мәңгі меруерт жапқан.
Қаратал, Аягөзбен — екі көзі,
Еркесі — Іле өзені ұзын аққан.
Басы егіз ерке Іленің: Кеңес, Текес,
Тәңірінің тентек Текес дәмін татқан.
Бойында сол Іленің қалың қалмақ

Абайлап Абылайды күтіп жатқан.
«Қайда, — деп — қазақ?» бұрын желіккен
жау

Көрген соң көп қазақты ойға батқан.

Қазақтың қалың қолы ерлер кілең,
Батырды көп қалмақты ойға терең.
Қазақтан қулықпенен құтылмаққа
Кеңесті қос қоңтайшы: Ұса, Серен.
Жіберді, кеңесті де, жеті қалмақ,
Сөздері: «Абылайдан бар да тілен!
Ағаттық бізде болды, кешсін Абылай.
Ақ отау, айдаған мал — бәрін берем.
Тағы да ер басына бір ару мен
Қара нар — айыбымыз, қалы кілем».
Жеті елші осы сөзбен келген ханға,
Қаратып өз жауабын ертең таңға,
Салады мынау сөзді хан Абылай
Би-батыр, қасындағы көп қыранға.

Салса да, алдыменен өзі айтады:
«Түспеспіз, тірі болсақ, алдағанға!
Күні ертең не бергенін жолдан алып,
Қалғанын алсақ қолдан арғы таңда.
Ерлерім, ойым осы! — деді Абылай, —
Бұл ойда теріс дейтін адам бар ма?».
Абылай айта қалса істің жайын,
Би-батыр теріс дей ме Абылайын.
Қалың топ тым-тырыс боп тұрған шақта
Дегендей: «Ерік иеде, біздер дайын!» —
Ерлігі алашқа аян батыр Баян
Тұрды да деді: «Алдияр, Абылайым,
Мергеннің мылтығына қарсы жүрмес,
Қырдағы адам түгіл құландайын.
Сөзімді не кектерсің, не жұптерсің,
Ойынды теріс дейді Баян-айың!

Талқыға салмай шындық табылмайды,
Құл ғана қожаны ылғи қабылдайды.
Қу қалмақ күні кеше алдамап па ед,
Шоңқитып Ой қытай мен Өр қытайды?
Қытаймен күні бүгін жалғаспаса,
Қытайға қалмақ неге қанат жайды?
Абылай артық туған неге ұмытсын,
Қазаққа қалмақ сыры аяндай-ды.

Қалмақтың қарты түгіл, қалшасы да,
Алдатпас, алдап кетер Абылайды!» —

Тоқтады Баян. Абылай тағы өз сөзін
Қайта айтты, біраз шытып қарлы жүзін.
Хан да екі, Баян да екі қайырысты,
Алмастан бір-біріне тіккен көзін.
Жиналып көздеріне қызыл жалын
Қалса да, сыр беріспей қылды төзім.
Қалың топ хан ашуын байқаған соң,
Ағытты «әрине» — деп, сөздің бөзін.
Шешілді сөз, қол енді күтіп қалды,
Елшінің ертеңінде келер кезін.

Алты алаш Абылайдай арғымағын
Алаштың аруағына пар қылатын.
Бетіне Абылайдай ардагердің
Келуді алты алашқа ар қылатын.
«Бетіне келген жанды соғар кие!» —
Деп жырау, жауырыншылар жар қылатын.
Баянның сөзін естіп кәриялар
Ішінен ерін аяп: «А шырағым! —
Десті де күрсінісіп, кесіп қойды:
Қайтад, — деп осы жолы, Баян, бағың!».
Серпілді соныменен кеңес енді
Қол күтіп жатып қалды келер күнді.
Екі көз екі қызыл шоқ боп кеткен,
Лузынан көбік болып бұрқырап қан.
Оң-солға алдаспанды сілтегенде,
Бұлақтай қалмақ қанын бұрқыратқан.
Жанында жалғыз жолдас — жас Жанатай
Қансырап зорға ғана кірпік қаққан.
Түзеліп отыруға халі қалмай,
Қисайып бара жатты құлап аттан.

Жолдас дер ердің ері-ақ қан майданда,
Жан беріп жолдас үшін алдаспанға,
Еңкейіп сүйсемек боп батыр Баян
Жолдасы Жанатайға айналғанда,
Бір қалмақ еңгезердей көк найзамен, —
Білмеген, сірә, тою қызыл қанға, —
Қапыда қайран ердің сүбесіне
Бойлатып сұғып тұрып, бұлғағанда

¹Тәңірі — Хантәңірі тауы (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Ер Баян Жанатайды алдына алып:
«Қыларың, қатын қалмақ, тағы бар ма?»—

Деді де суырып ап жау найзасын,
«Алаштың әруағы, — деп — қайдасың?!»—
Жыландай жарқ еткізіп алдаспанды
Түсірді топ еткізіп қалмақ басын.
Бұлақтай аспанға атып қан шапшыған
Жараға тығып тұрып бармақ басын,
Қасқиып қан майданда тұрып қалды
Қайран ер, қайсар Баян, жолбарысым?
Алайда уақыт өтті, құлап түсті,
Құшақтай Жанатайдай жан жолдасын.

Жер мен көк шыр айналып араласты,
Көз алдын қара түгін тұман басты.
Тәтті бір жазғы таңда қалғығандай.
Ер көзін оқтын-оқтын жұмып ашты.
...Көргендей болды ашулы Абылайды,
Қалың қол: «Әне, Абылай!» —деп шуласты.
Тағы ашты жұмған көзін, тағы көрді
Алдында жас ұлан мен толқын шашты,
Екеуі құшақтасып жап-жақын тұр,
Басымен ишара етіп амандасты.

Алдында Ноян менен Ақшамандай,
Жұлдыздай жымыңдаған сөнбей-жанбай.
Сұлудың сексен сырлы жұмбақ жаны-ай,
Ерніне әлде болса күлкі алғандай.
Жоқ... Күлкі жоқ.., бетінде тамшы қан жоқ,
«Ағалап», жанұшырып жалбарғандай.
Жоқ... өзі Жолдыөзекте жортады-мыс,
Алыста екі қара көзі шалғандай..,
Ұмтылды оқ жыландай садақ пен қан,
Кезерген ердің ерні қозғалғандай:
«Көзімнен неге ақпайды қан боп жасым,
Жан беріп, жазғаным ғой, жан жарасын.
Кетсе де жаннан жара, қан кетпек пе?
Дариға, жазамнан да күнәм басым!

Күнәмді тәңірі кешпес, кешер бірақ
Жауында жан берген соң алты алашым!»—
Қайран ер аласұрып, жанұшырып,
Көтеріп, көз жұмулы, алып басын,
Жан бауыры жас Ноянға ым қағып ед
Жас Ноян құша түсті Толқыншашын.

Екі жас қайғысы мол құп-қу жүзді,
Екеуі құр қарап тұр алмай көзді.
Көкесі жан бергенде, бөбек Ноян
Тұрғаны мәні қалай құшып қызды?

Дариға, беті қара сорлы Баян
Шығарған өз қолымен екі көзді.
«Іс өтті. Ажал жетті. Енді не бар?
Қоштасып айтысалық соңғы сөзді!
Келіндер, қарақтарым, кешіндер!» — деп,
Ер, Баян әлсіз ғана қолын созды.
Көз алды енді мәңгі тұман болды,
Жыбырлап, жан-жағына қалмақ толды.
Баянды балағаттап, ісіп-кеуіп,
Бір қалмақ қалды теуіп созған қолды.
Сылқ етіп, созылған қол жерге түсіп,
Жүзінің бірте-бірте нұры солды.
Баянның басын бірі кесіп алып,
Бұлғады найзаға іліп оңды-солды.
Қуанып қос қонтайшы — Ұса, Серен,
Алғысқа көмді елірген қалың қолды.

Көңілінен Ұса, Серен кеткен қауіп,
Қуанып, сырнай-керней қылды сауық.
Алайда, Абылайдан сескенген соң,
Жөнелді ертеңіне Қытайға ауып.
Алаштың ардагері батыр Баян
Бір қырда қала берді топырақ қауып.
Жаудан да мейірімді боп жылады жел,
Күңіреніп, ер денесін құммен жауып.
Іленің толқындары әлі күнге
Айтады ерге жырау ауық-ауық...
Ерлерді ұмытса да ел, сел ұмытпас,
Ерлерді ұмытса да ел, жел ұмытпас.
Ел үшін жаннан кешіп жауды қуған
Ерлерді ұмытса да ел, шөл ұмытпас.

Ел жауын зерттеп, өрт боп тынбай жортқан,
Ерлерді ұмытса да ел, бел ұмытпас.
Ел үшін төккен ерлер қанын жұтқан.
Ерлерді ұмытса да ел, жер ұмытпас.
Арқаның селі, желі, шөлі, белі
Ерлерді ұмытпаса, ел де ұмытпас!

ҚОРҚЫТ

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегедей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде
Ертеде алаш елі мекен еткен.

Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн — ертегідей ерке күн ғой.
Өткен күн — ұстатпайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой.

Өткен күн ертегімен таласқандай,
Уа, дүние, ол күндерде алаш қандай?!
Ой-қырдан орғып-қарғып еріккенде,
Алтайда ойнақ салып жүрген аңдай.

Сол күнде бір ер бопты алты алашта,
Қаны бір қалың елмен, жаны — басқа.
Елікпей ес білгелі еш нәрсеге
Өзіндей үйірілмеген албырт жасқа.

Қорқыт деп қойған екен ердің атып,
Оңған ел ер деп атар азаматып.
Талайлар таңданыпты күнде көріп,
Қорқыттың мінезінің тым-ақ жатып.

Қорқытқа ес білгелі бір ой түскен,
Айнымас сол ойымен күнде у ішкен.
Ой билеп үйден, елден безіп кетіп,
Жұрт оны әуезі ғып жынды дескен.

Ежелден белгілі ғой көптің сыры,
Боласың көптей болсаң, көптің ері.
Көпке егер ісің, ойың үйлеспесе,
Күмән жоқ, кім болсаң да соғар «пері».

Қорқыт та ерте атанды «пері соққан»,
Қорқыттың жан болмады жайын ұққан.
Ой екен қандай ғана Қорқытты ұлап,
Айырған дос, туыстан, елден, жұрттан?

Қорқыттың мынау ой ед есін алған,
Жанына ерте күннен жара салған:
«Топырақ боп ертең шіріп қалмақшымыз,
Өміріміз неге шолақ тәтті балдан?»

Әншейін өмір деген ермек үшін,
Күні ертең соғар жүрек сөнбек үшін.

Ойланып қалай ғана уланбассың,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін?

Бір кезде көл тасады құрымақ үшін,
Күні ертең гүл гүлденед солмақ үшін.
Біраз күн адам тұрады, өмір сүреді,
Құртқа жем шіріп, сасып болмақ үшін.

Сары суға қан берілген айналмаққа,
Ой менен тіл берілген байланбаққа.
Әлпештеп, ардақтаған денең шіріп,
Жел менен топырақ боп айналмаққа.

Көз ашып жұмғандай-ақ өмір шолақ,
Алдыңды көз ашсаң-ақ ажал қамап.
Өмірде мынау шолақ неге керек
От — үміт, ойын — күлкі, таудай талап?

Әлдекім адам деген ермек үшін,
Жүректе от ойнайды сөнбек үшін.
Ойланып қалай ғана уланбассың,
Берілсе адамға өмір өлмек үшін».

Қорқыттың жүйрік жанын жай тасындай
Жанышқан осы ойлар ед қорғасындай.
Паршалап тілім-тілім, ерте өртеп,
Кіршіксіз жас жүрегін көз жасындай.

Ой билеп, жап-жас Қорқыт елден безді,
Түгел ол ойын-күлкі, қойды сөзді.
Елікпей, үйірілмей еш нәрсеге
Алтайдың алаптарын жалғыз кезді.

Алтайдың Қорқыт кезді алаптарын,
Ешкімге ұқтыра алмай жанның зарын.
Ата-ана, дос-туысқан бәрін тастап,
Талақ қып қара көзді қарақтарын.

От-адам отпен ойнап сынар бағың,
Жүйрік жан қажу білмес, қуар сағым.
Тағы боп, күңіреніп кезіп кетті,
Қорқыт та шешпек болды жан жұмбағын.

Аяндап алдыменен тауға келді,
Асқарға: «Өмір не?» — деп сұрау берді.
Жаны — тас, жүрегі — тас тау не десін,
Өзінен: «Өмір не?» — деп сұрады енді.

Бұрылып таудан ақырын орман барды,
Оған да: «Өмір не?» деп сұрау салды.

Ежелден ой білмеген меңіреу орман
Қақиып қарағайы аң-таң қалды.

Сұраса суға келіп: «Не деп өмір?» —
Беті құр соғылғаннан жыбыр-жыбыр.
Желге айтып еді, ол не деуші еді,
Басы жоқ, аяғы жоқ сыбыр-сыбыр.

Күн анау, ешбір үнсіз алас ұрған,
Ай да бір — өгіз де бір аузын буған.
Қылмындап қар қатындай көзін қысқан,
Жұлдыздар тазарта ма жүректі удан?!

Не керек, Қорқыт кезді тынып жатпай,
Ешбір зат тастамады зарын шақпай.
Көл мылқау, жері мылқау — бәрі мылқау,
Өртенді ер жұмбағына жауап таппай.

Түнерді бұрынғыдан Қорқыт бетер,
Есалаң ескен желдей өмір өтер.
Күмәнсіз өлеріңді біле тұрып,
Дүниеде талаптану, тұру бекер.

Көз ашып, өмір шолақ, жұмумен тең,
Тағы да өз өмірің соққандай сең.
Арандап қарсы алдында аузын ашқан
Жоқ па екен шыныменен ажалға ем?

Кім білед, өлмейтұғын ел бар шығар,
Кім білед, ажалға да ем бар шығар.
От — суы, топырағы қасиетті,
Кім білед, өлтірмейтін жер бар шығар.

Әуесі уланбаған өлімменен
Сөз де жоқ өлу түгіл, «өлем» деген.
Адамзат таппаса егер ажалға айла,
Не қылмақ пайдасы жоқ білімменен?! —

Деп ойлап қайырылмай ешбір затқа,
Ажалдан қашып шығып құтылмаққа,
Лйырылып Алтайынан кетті Қорқыт,
Өлімнен аман-есен жер таппаққа.

Түзеді күншығысқа Қорқыт бетін,
Адамға жаяу, жалғыз жол тым шетін.
Арыды, ұшырасты сансыз жаумен,
Сонда да ол үзбеді еш үмітін.

Талса да тоқтамады, Қорқыт жүрді,
Бетпақ шөл өтті талай қырды, өрді.

Қажыған, қаны кепкен мезгілінде
Алыстан мұнарланған қара көрді.

Жапанда бір буалдыр қараңдаған,
Жасаған Қорқыт жанын тындырмаған...
Қараға жылдам басып жетіп келді,
Қорқытты қайғы басты түннен жаман.

Көзінен сорғалады жас бұлақтай,
Жапанда қағулы бір қара тақтай.
Тақтайдың түбінде бір қазулы көр,
Тастаған үңірейтіп бетін жаппай.

Әлдекім жапан түзде бір көр қазған,
Басына тақтай қойып, сөздер жазған:
«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр — сенің көрің, Қорқыт жазған!»

Мына сөзді оқып ол түн боп кетті,
Басқандай жүрегіне болды шоқты.
Көл болып көздің жасы төгілгенмен,
Заулаған баса ала ма ол жандағы өртті?!

Ой өсті, қалың өрттей уын шашты,
Ауыр ой қорғасындай жанды жанышты.
Қарсыдан қазылған көр шыққаннан соң,
Бұрылып Қорқыт кейін қадам басты.

Түзеді енді бетті батыс жаққа,
Қайғылы, қажу бар ма, ол бейбаққа?!
Жапанда жалғыз өзі күбірлейді,
Сөздерді тақтайдағы алған жатқа.

Апыр-ай, табылмас па ажалға айла,
Өмірден табылмаса қандай пайда?!
Жүрістен дене түгіл жан шаршады,
Өлімнен аман ел мен жері қайда?

Бір жан жоқ қыбырлаған, дала, дала...
Келеді Қорқыт сорлы жаны жара.
Ай-жыл өтіп, ер әбден арыған шақ,
Алыстан бұлдырлайды тағы қара

Қорқыттың ынтасы өлген, көңілі қаяу,
Қараға баяу басып келді таяу:
Тағы көр, тағы тақтай, тағы жазу,
Тәңір ие-ау, тегі сенде бар ма аяу?!

Терең ғып тағы біреу бір көр қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:

«Өлімнен құтылмайсың қашқанменен,
Мынау көр — сенің көрің, Қорқыт жазған!»

Қорқыттың қайғысы енді болды басым,
Жаздың не, жазбадың не жан жарасын?!
Есі ауып байтақ уақыт жатқаннан соң,
Көтеріп бір мезгілде алды басын.

Ойменен пәре болған, жан жыртылып,
Мерт болған ессіз жүрек айға ұмтылып:
Кеудеде құр әншейін шықпаған жан,
Тұрды да кетті Қорқыт сүйретіліп.

Алыста сөнген оттай үміт өлді,
Сұм тағдыр қатты қақты созған қолды.
Сонда да қажу білмес ойлы Қорқыт
Дүниенің төрт бұрышын кезбек болды.

Қалмады жер жүзінде бармаған жер,
Қорқыттың қанды жасы тамбаған жер.
Басса да қайда қадам сорлы Қорқыт,
Алдынан қарсы шығады қазылған көр.

Қазылған оңға барса да, онда да көр,
Қазылған солға барса, солда да көр.
Шоңқиып көрге қонған күшігіндей
Көресің, қара тақтай қағулы тұр.

Алдынан кез келеді бір көр қазған,
Басына тақтай қағып, жазу жазған:
«Өлімнен құтылмайсың, қашқанменен,
Мынау көр — сенің көрің, Қорқыт жазған!».

Дарига, табылмақ па ажалға айла?!
Жерде бір өлік көрмес болу қайда?!
Алдыңнан қайда барса көр шығады,
Өлімге, сорлы Қорқыт, белің байла!

Не пайда шомылғанмен қанды жасқа?!
Не пайда басты ұрғанмен тау мен тасқа?!
Дүниеде ажалдан ең күшті болмас,
Көрмессің кезгеніңде көрден басқа.

Шықпаған кеудесінде шыбын жаны,
Қасықтай кеуіп, бітіп қалған қаны:
Аяңдап, аруақ боп Алтайына
Күңірентіп, қайтты Қорқыт, жерді зары.

Қайтса Алтай, баяғы Алтай күңіренген,
Асқарға аспан төніп еміренген.

Керіліп бұлтпенен бал алысқан,
Еркенің не ісі бар ой-шерменен?!

Мелшиген баяғыдай меніреу орман,
Ойнаған асау бұлақ шапшып ордан.
Жел анау көрінгенді бір сүйсе де,
Жар таппай жаны бірге «мәңгі оң» ұрған.

Ел мынау баяғыдан малын баққан,
Малындай алдындағы жусап жатқан.
Қайғысы, қуанышы бәрі де ойсыз...
Сиырдай бәрі өкіріп, бәрі шапқан.

Қайтты да айналғандай есалаңға,
Ләм-мим деп бір сөз қатпай тірі жанға.
Күңіреніп жер бауырлап жатып алып,
Ұйқысыз қосты Қорқыт таңды-таңға.

Бір күні шошып тұрып көргендей түс
Кесіп ап қарағайдан қылды қобыз.
Қыл тағып қобызына сөйлетіп ед,
Алтайды күңіrentіп шықты лебіз.

Қобыздан мұңды дыбыс сорғалады
Майпандап ә дегенде жорғалады;
Біресе асау тайдай ойнақ салды,
Біресе сары нардай ырғалады.

Дуылдап қырдан жерге түйілгендей,
Долданып дауыл құмды үйіргендей.
Басылып біраздан соң сылқ-сылқ күлед,
Дұшпанын мұқатқанға сүйінгендей.

Біресе жүйрік желдей кетеді есіп,
Асқарды аттап өтті, дария кешіп:
Біресе әлдекімге тіл қатқандай,
Желменен жапырақтай күбірлесіп.

Біресе от сықылды аспанға асқан,
Жоқ әлде ор қоян ба орғып қашқан?!
Біресе күрсінгендей, күңіренгендей,
Жандай-ақ қап-қараңғы қайғы басқан.

Қобыздың сарнағаны зарлағандай,
Қан шашып әлдекімді қарғағандай.
Жүрегі мың жара боп паршаланып,
Күйініп көзінен жас парлағандай.

Күңіренді, жылады зарлап қобыз,
Жанды өртеді толқынды, мұңды лебіз.

Жасын төкті көл қылып шерлі Қорқыт
Жан жыласа, жыламай қала ма көз?!

Қобыздан осылайша шықты сарын,
Бірде мұз, бірде дауыл, бірде жалын...
Қарағай мен қыл сырнай не деуші еді,
Шығарды сарынменен Қорқыт зарын.

Таба алмай жерді кезіп ажалға айла,
Дарига, ажалға айла болу қайда?!
Азырақ улы ойларын бөлмес үшін;
Жабысты шерлі Қорқыт қарағайға.

Қызарып ашуменен күн батқанда,
Батырлар балпаң-балпаң ел шапқанда,
Ішкені — мас, жегені — тоқ, бәрі де мәз,
Кедейлер көк есектей зыр қаққанда...

Қорқыттан серпілмейді қалың уайым,
Қолынан тастамайды қарағайын.
Қобыздың лебізінде мұң молайды,
Зымырап өмір шіркін озған сайын.

Өмірде жүрген жерін қанды ор ғып,
Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт.
Жұбанды қолындағы қобызымен,
Көрге де қобызымен кірді Қорқыт.

Өткен күн ертегі ғой, тамаша таң,
Ойласаң өткен күнді жұбанар жан.
Байқасаң, адамзатта болған ба ақын,
Қорқыттай атасынан бата алмаған?

Ақын — жел, есер, гулер, жүйрік желдей,
Ақын — от, лаулап жанар аспанға өрлей.
Қиялы, жан жүрегі — ойнаған от,
Ақынды аласұртар тыныштық бермей.

Жай адам қияға ондай қол сермей ме?!
Ақынға аз нәрсе ауыр ой бермей ме?
Қиялмен арманға ұшқан, сағым құшқан,
Жүйрік жан алдыңда ылғи көр көрмей ме?!

Жел жүрсе, терең теңіз тебіренбей ме?!
Көрсен көр, ақын жаны күңіренбей ме?!
Көргенін кеңес қылып күңіренсе ақын,
Тыңдаған тірі жанға шер бермей ме?!

Құшақтап қарағайын сарнаса ақын,
Толғанып, жасын төгіп, зарланса ақын,

Шеткерек тұрып біраз тыңдағайсың,
Баспалап, төніп, жаншып келме жақын.

Жақындық қажет емес жүйрік ойға,
Шер-сиқыр, алыстан-ақ тарамай ма?
Ақынды алыс тыңда, көп тілейтің
Қағылып кете көрме қарағайға!

Ақынның қарағайы — жары да сол,
Ата-ана, малы-мүлкі, жаны да сол.
Сезімпаз қарағайдың нәзік қылы
Ақынның жүрегіне жалғанған ол.

Сорғалап сиқырлы үн шығар ішектен,
Шықпақшы ішектен емес, үн жүректен.
Үзілсе ішек, үзілмес нәзік жүрек,
Сондықтан сұрағаным тыңда шеттен.

Серпілмес терең жанда қалың уайым...
Түсірмес қолдан ақын қарағайын.
Үнінде қарағайдың мұң молаяр
Зымырап өмір, шіркін, өткен сайын.

Атасы ақындардың — ақын Қорқыт,
Өмірде жүрген жерін қанды ор қып...
Шомылып көз жасына сарнай, зарлай,
Құшақтап қарағайын жатыр Қорқыт.



Ол күндер көз жетпейтін ерте күн ғой,
Ерте күн — ертегідей ерке күн ғой...
Өткен күн — ұстатпайтын сұлу сағым,
Жалғыз-ақ желден жүйрік жетеді ой...

Өткен күн ойды әлдилеп тербеткендей,
Ойыңды Алтай бойына өрлеткендей.
Тыңдасаң құлағың сап сар даланы,
Қорқыттың сарыны, әні күңіrentкендей...

Тыңдасаң, есітесің жаныңменен,
Сар дала күңіренеді сарынменен.
Ерте естіп сол сарынды, ерте улап,
Мен сорлы көптен әуре зарыңменен.

Ес білдім аласұрдым сағым қуып,
Жете алмай, бетті талай жаспен жуып.
Артымда — ор, алдымда — көр, өтеді өмір..
Дариға, бесігімнен көрім жуық.

Көп заман жетеледі жыңды жүрек,
Ойладым: «Жүрек жетер, ой не керек?!».
Тәтті у еді, сол удан неге айныдым?
Дариға, үміт өлмек, жүрек сөнбек...

Бір күнде жолдас болдым құлынменен,
Өмірді алмақ болдым ойынменен,
Ойын тынды, жолдасым жоқ боп кетті,
Бұл күнде уланамын ойымменен.

Енді менің жолдасым — жалғыз қобыз,
Сарна қобыз, мұң-зарлы, шығар лебіз!
Сен жыласаң, жылармын мен де бірге,
Жан жыласа жыламай қала ма көз?!

Өмірде арманым жоқ — Қорқытқа ерсем,
Қорқыттай жанды жаспен жуа білсем.
Жас төгіп, сұм өмірде зарлап-сарнап,
Құшақтап қобызымды көрге кірсем!..



ҚОИЛЫБАЙДЫҢ ҚОБЫЗЫ

Ертеде ел бар екен қалың Найман,
Қытайға қалың Найман қанат жайған.
Қалың Найман ішінде Бағаналы,
Қазақта бақсы асқан жоқ Қойлыбайдан.
Қойлыбай жын жүгендеп, пері мінген,
Алдында жорғалаған шашты шайтан.
Қойлыбай қобыз алса-ақ қалбалаңдап,
Қақаман жетіп келед әлдеқайдан.
Қақаман жалғыз көзді жынның ері,
Дарқанның Нәдір пері - аға жыны.
Ардақтап оған Шолақ деп ат қойған.
Қойлекеңнің үшінші жан жолдасы —
Шайтанның шу асауы батыр Шайлан.
Қойлыбай бақсы болған қазақ асқан,
Жынменен жолдас болған бала жастан.
Азырақ әңгіме үшін сөз қозғайын,
Қалың Найман жиылған бір зор астан.
Бір асқа жиылыпты Найман тамам,
Бай, биі, батырлары балпаң басқан.
Ішінде сол жиынның Барақ та бар,
Аузынан арыстандай жалын шашқан.
Бәйгеге екі жүздей ат жіберіп,
Күрес сап жиылған жұрт ұрандасқан,
Ерігіп аңғал батыр, маңғаз байлар:
«Бәйгеге қобызың қос» деп сұрасқан.
Қалқасы қалың Найман қалаған соң,
Қойлыбайың бәйгеге қобыз қосқан.
Найманның ұлы дүбір сол асында,
Әлеумет алқа-қотан дөң басында.
Айнала ығай-сығай, жақсы жайсаң,
Қойлыбай қобызымен ортасында.
Бас болып батыр Барақ қалаған соң,
Бәйгеге бақсы қобыз қоспасын ба?
Қойлыбай сонда айтады шақырып ап,
Ыңғайлы бір бозбаланы өз қасына:
«Ат шабатын жерде бір сексеуіл бар
Жарып өскен жапанның жартасына.
Қобызды сексеуілге байлап таста,
Мен сенем жын Қақаман жолдасыма».
Қалың Найман бәйгеге қобыз қосып,
Шуласып отырысты дөң басында.
Бір кезде ат келетін мезгіл жетті,

Бозбала ат алдынан шауып кетті.
Сол уақыт жай отырған Қойлыбайды
Аруақ қалшылдатып, дірілдетті.
Аузынан қанды көбік бұрқ-бұрқ етіп,
Жап-жалаңаш қылышты қобыз етті.
Көздері қып-қызыл боп қанға толып,
Сарыны сар даланы күңіретті.
Бір мезгіл екпіндетіп, долдандырып,
Бір мезгіл жыны буып күбірлетті.
Қалың құмды қап-қара бұлтқа қосып,
Қызыл жел құйындатып дүрілдетті.
Жан-жақты ың-жың, у-шу дауыс қаптап,
Шапқылап жын-перілер дүбірлетті.
Осылай ойнап, сарнап бақсы жатты,
Қалжырады, қап-қара терге батты.
Сол кезде ат келетін құба жонды
Түтіндей будақ-будақ бір шаң жапты.
Сол шаңның ортасында бір сексеуіл
Ербеңдеп ойнақ салып келе жатты.
Екі басы жерді ұрып кезек-кезек,
Сабалап қырды жол ғып жаралапты.
Байланған сексеуілге қобыз берік.
Көз ашқанша жиынға келіп қапты.
Сексеуілді қопарып алып келіп,
Қақаман жұбатады ерке қартты.
Қобыз келді, Қойлыбай көзін ашты,
Қалың ел тамашадан тас боп қатты...



АЛАТАУ

Оранып өмір бойы көк мұнарға,
Аспанды алып Ала¹ емген арда,
Айбынды аспан ана алып туған,
Бөбегін бөлеп қойған меруерт қарға.

Шыңдары арысымен араласқан,
Тәңірі тақ қылғандай тарғыл тастан,
Күңіреніп қоңыраулы қара нардай,
Қап-қара қорғасындай бұлты басқан.

Иірілген айдаһардай ашулы асқар,
Томсарған туғаннан-ақ тарғыл тастар.
Күздарды мәңгі меңіреу мәңгі басқан
Жауһардай жарқыраған аппақ шаштар.

Түк басып, тұла бойы толған кесте,
Қарағай, арша біткен өрлей төске.
Қарағаш, тал тобылғы, жасыл шырша,
Қарақат, жиде, шие маржан түсті.

Сан шөптің түгесерсің атап қайсын:
Шымуыр, көкемарал, уқорғасын.
Аһ ұрған Алатауда аруларын
Уһімен тыяды екен ыстық жасын.

Жануар — бұғы, марал көз адасқан,
Ойнаған ешкі, теке орғып тастан.
Даланың еркелері — арқар, құлжа,
Құлдырап оқтай күлік, елік қашқан.

Сары аю ойнайды екен таспен атып,
Бөрісі бөкен жортқан түнде қатып.
Топ шие бір құлжаға жабылмақшы —
Қозыны жібергендей жамыратып.

Күздарда найза қия құстар шулар,
Төменде тасты сабап толқын тулар.
Аланың ақ төсінен орғып түсіп,
Сайларда салар ойнақ асау сулар.

¹Алатау дегені.

Беттерін солтүстікке түзеп алып,
Шуласып, «Алатаулап» ұран салып,
Еліріп екпіндеген асаулардың
Құм жапқан көбі бірақ шөлде қалып.

Бір шетте жынды Қошқар Шуға шапқан,
Сусамыр арқасында сылдыр қаққан.
Арасан әулиенің ыстық жасын,
Жиып ап, Ыстық Ата дауырыққан.

Алатау алып ана көкпен талас,
Арда емген сол ананы тентек Талас.
Қырғызға қасиетті Талас суын
Ертеде қоныс қылған батыр Манас.

Шындарын Алатаудың жел жайлаған,
Жел емес, қалың қырғыз ел жайлаған.
Желменен, желден жүйрік аңдарменен
Құздардан бірдей орғып, бірге ойнаған.

Сайларда сарқыраған селі ме екен?
Күңіреніп көшкен қырғыз елі ме екен?
Алаштың қайсар ұлы, қайратты елдің
Манасы — ел қорғаған ері ме екен?

Көп жылдар желдей заулап есті ме екен,
Алатау өсті ме екен, өшті ме екен?!
Қияның қыранындай қайсар елдің
Басынан күңгірт күндер көшті ме екен?!

Жоқ әлі! Қарлы Алатау қалыбында,
Толқындар тулайды әлі шапшып шыңға.
Көзінен — от, сөзінен уыт жоймай,
Қайсар ел ұмытқан жоқ алыбын да.

Алатау өспейді екен, өшпейді екен,
Ауыздан алып аты түспейді екен.
Кәрілер: «Киелі ер-ай!» — деп күрсініп,
Жастары: «Ер ұрпағы — біз», — дейді екен.

Ақындар мұнды қиял шалады екен.
От болып көптің көзі жанады екен!..
Жұмбақшы «Манасты» айтып жорғаласа,
Кәрі-жас көзіне жас алады екен.

Алашка қайсар қырғыз бала ма екен,
Қайғымен қайсар жаны жара ма екен?!
Жаралы ел көшкен күнін жоқтай, жылжй
Құл болып, жасық жаспен қала ма екен?!

Тау өшпес, аспан төніп, еміренген,
Сел болмас қарлы құз бен көк мұзды емген.
Ерлерін ел қорғаған есте тұтып,
Ел бітпес, кеңес қылып күңіренген!..

Алаштың қайсар қырғыз баласына
Қосылса жара жаның жарасына,
Жас төкпей, өрлеп, өрлей Талас бойын
Тәуеп қыл Манасыңның моласына...





акат себи

АҚАН СЕРІ

Ақан туралы білгендерін айтып һәм жазып берген Мырзалыұлы Баялы, Шыңғысұлы Қоқыш, Бозайұлы Ысмағұл ақсақалдарға һәм Самыратұлы Қазыға көп рақмет айтамын.

Мағжан.

Ұшы-қиыры жоқ сары дариядай Сарыарканың ортасында арадай көгерген Көкшетау, Абылайдың ордасы құрылған, Кенесары, Наурызбайға отан болған Көкшетау алаштың ақындығының да ордасындай жер еді. Соңғы 50-60 жыл ішінде алты алашқа аты шыққан ақындарымыздың бірталайы сол Көкшетаудың маңайында туып-өскен. «Кең сабаның қорындай, Бертағының баласы Орынбай», екі аяқтың ділмәрі, улы тілді соқыр Шөже, Толыбай бидің ұлы Арыстан, үні зарлы Атығай, соқыр Тоғжан, терең ойлы Атығай шал, аспанға өрлеп ән шырқайтын Біржан сал, өмірі ертегідей әдемі Ақан сері — осылардың бәрі сол күңіренген Көкшенің маңайында туып-өскен ақындар. Бұл ақындардың ішінде адамның іскерлігін алдымен өзіне аударатыны — Ақан сері. Сөзінің сұлулығы, тереңдігімен демейміз, өмірінің сұлулығымен.

Ақанның өмірі — ертегі өмір. Судаы сұлу, желдей екпінді, жалпақ жұртқа жат, жұмбақ өмір. Сондықтан Ақанның алдымен өмірін жазып, онан соң сөздерін тексереміз.

АҚАННЫҢ ӨМІРІ

Ақанның сүйегі — Орта жүз арғын ішінде қарауыл. Ұлы әкесі қарауылда—нар шөккен Жарқынбай. Жарқынбайдың бір ұлы, тоғыз қызы болған. Ұлы Қорамсадан көпке шейін бала болмаған соң Жарқынбай бәйбішесі һәм тоғыз қызымен көгеннің бұршағын мойнына салып, тәңіріден немере тілейді. Сол тілектің артынан жалғыз ұлы Қорамсаның қосағы Жаңыл жүкті болып, одан ұл туады. Ұлдың атын Ақжігіт қояды. Біздің Ақанымыз осы. Ақан 1843 жылы Қөкшетау қаласынан күнбатыс пен солтүстік әрелігіне қарай 70 шақырым жердегі Қоскөл деген жерде туған. Ақанның әкесі Қорамса бай, саудагер адам болған. Ол маңайда ол кезде ақша ұстаған қазақ сол Қорамса болды. Әрі малға бай болса, әрине, Қорамса елге қадірлі болмақшы.

Ақан 13 жасқа келгенше Бұқардан оқып қайтқан Күнту деген бір молдадан сабақ оқып жүреді. Бірақ біраз ес кіре бастаған соң молданың балдыр-батпағына зерек Ақанның көңілі толмай бастайды. Сөйтіп, 13 жасында Ақан молдасымен бір шариятқа таласып, «маған қарсы келдің» деп молдасы оны ұрған соң, «шыбыққа сүйенген шариятыңды ұрайын» дейді де, оқуыменен қоштасып кете барады. Осыдан былай Ақанның жалпақ жұртқа жат көрінген серілік өмірі басталады.

Сұлу киім, жүйрік ат, құмай тазы, алғыр бүркіт Ақанда болады. Қалың қарауылдың ойын-тойының көркі Ақан болады. Біріне бедеу мінгізіп, біріне бұлде кигізіп дегендей, 15-20 жігітті өзі тәрбиелеп, нөкер қылып алады. Жүргенде сол жігіттердің алдында қолбасындай оқшау отырады. Біресе боз атқа мініп, ақ киген. Біресе қара атқа мініп, қара киген. Біресе торыға мініп, күрең киген. Басында — бұлғақтаған үкі, қолында — домбыра, аузында — ән... Жігіттердің бәрі балуан, бәрі әншіл. Бірақ Ақанның әні өзгеше. Даланы күңіретін Ақан ән шырқаса, би билігін, кемпір өрмегін, сұлу кестесін қойып, аңырып тыңдай қалады. Қалың қарауылдың қалың көздері: «Ақанның әні-ай!» — деп күрсінеді. Сүймесе сері дер ме еді, қалың қарауыл Ақанға сері деп лақап береді. Солай жүргенде Ақан бұрын атастырып қойған қалыңдығы Жұмат қожаның қызы Бәтіманы алады. Онымен он жылға жақын отасып тұрады. Бәтімәдан бір ұл, екі қызы болады. Бірақ ұлы тілсіз болады. Он жыл шамасында Бәтима өледі. Бірақ серіліктің соңында жүрген Ақан Бәтіманың өлімін елемейді. Серілікті бұрынғыдан да үдетеді. Құлақ

естір жерден алғыр қыран, құмай тазы, жүйірік жияды. Зілгараның баласы Әлібек батырдан бір жылда алпыс түлкі алған Қаратұрғай деген бүркітті, Сайрат төреден бір жылда тоғыз қасқыр алған Базарала деген итті алады. Қалың қарауылға аты шыққан Ақтоқты деген арумен көңіл қосады. Құлагер көбей—қарауыл Шөкетай жылқысынан шыққан. Құлагер түседі.

Құлагер көбей—қарауыл Шөкетай жылқысынан шыққан. Жабағы тай күнінде Құлагер кез келген жерде, қарда, күртік үстінде өлген малдай серейіп ұйықтай береді екен. Шөкетайдың ағасы Әбілторы сыншы Құлагерді тай күйінде тұлпар болады деп сынаған екен. Құлагер дөненінде қарауыл ішінде алдына қара салмайды, сол Құлагерді Ақан жүз сомға сатып алады. Бестісінде Құлагер Шабан асында дара келеді.

Бұдан былай шет елдерге Ақан мен Құлагердің аты бірге шығады. Ақанның жүйірігі — Құлагер, Құлагердің несі Ақан деседі жұрт. Ақан қолында Құлагер Арқаның талай зор астарында аузымен құс тістеген сан жүйіріктерден озып жүреді. Арғын-Алтай, Аққошқар - Сайдалының асында Құлагер 300 аттан жеке-дара келеді. Бірақ сол аста бір көңісіз әңгіме болып қалады. Құлагердің артынан Баракбай дегеннің Кетеберкөк деген аты келе жатады. Белгі алуға шыққан Баракбай құлдырап келе жатқан Құлагердің шылауынан ұстаңқырап қалса керек, мұны көріп тұрған Ақанның Баракбайға тілі тиеді. Осы уақиғадан Баракбайдың ішінде Ақанға қарсы кек қалады.

Осылай Ақанның атағы талай жерге жайылып тұрған кезде мұның өмірінде бір өзгеріс болады. Желдей ұйытқыған серінің жүрегіне мін деуге бола ма, сол кезде Ақан Ақтоқтысынан айнып, қарауыл тиналы қажының қызы Ұрқия сұлға өз әнімен өлең шығара бастап, сол Ұрқияны алып қашады. Бірақ жаны сүйіп алған жары Ақанмен ұзақ отаса алмай, үш-ақ ай тұрып, шешек шығып дүнпеден қайтады. Жаның сүйген жар нажағайдай жарқ етіп дүнне салса, жанға жеңіл жара бола ма? Ұрқия өлгеннен былай Ақанның жаны қасіретке ұрыла бастайды. Ұрқия өлген жетінің ішінде Ақанның жақсы көретін бір інісі өліп, қасірет үстіне қасірет жамалады. Жараланған жүрек жазылу үшін тағы махаббат іздейді. Ақан айналып Ақтоқтыға келеді. Енді айналып иілгенде Ақтоқтының ұзатқалы жатқан шағы болады. Ақтоқты өкпесін айтып, разы еместігін білдіреді. Ақан қалай да

Ақтоқтыны алмақ болады Ақтоқтының беріліп отырған күйеуі ақсақ екен, қыздың көңілін күйеуден қайтару үшін Ақан сықақ улы өлеңдер шығарады:

**Бәрекелде, Ақтоқты, тапқаныңа,
Жібектен шоқ шекеңе таққаныңа.
Бұдан артық құдайдан не тілейсің,
Шолақ қасқыр түсіпті қақпаныңа... —**

деп мысқыл қылады Ақан. Бірақ өкпесі күшті Ақтоқты бұрылмайды. Ақан, танысып келе жатқан қызды, өзі Құлагерімен алып қашады. Қыз қалайда разы болмайтындығын айтқан соң, алдында келе жатқан қыздың сүбесіне саныны сұғып алып, бір томардың қабағына тастап кетеді. Бірақ Ақтоқты тірі қалып, берілген күйеуіне барады. Ақанның жүрегінде махаббат та, ашу да күшейеді.

**Ақтоқты кеткенің бе шыныменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.
Басыңды Сарымида кесіп алып,
Өмірімше даулассамшы құныңменен...
Дарияның қайраңындай қалқа бала,
Зарланып ән шырқаймын уайыммен, —**
деп ашулы зар шығарады Ақан.

Ақан енді көңілін мал да болса жолдасындай қолындағы Құлагерімен көтермекші болады. Құлагерді астан асқа алып жүріп отырады. Ұрқия, Ақтоқты уақиғасына бір жыл шамасы болғанда, керей Сағынайдың асы болады. Ақан сол асқа Құлагерді қосады. 323 аттың алдында Құлагер жұлдыздай ағып келе жатқанда, анау Сайдалы асында ішіне қан қатқан Барақбай. Құлагерді көлденеңнен соқтырып өлтіреді. Асқа жиналған құмырсқадай қалың ел шуылдасып, гулесіп, бәйгесін алып, ойын ойнап жатқанда, Ақан мидай далада жолдасы Құлагердің басында кәдімгідей мөлдіретіп көзінің жасын төгіп отырады. Күн былай тұрсын, түн бойы күңіреніп Құлагерінің, саңдалкерінің, еркесі, үркеккерінің басын құшақтап отырады. Жан жолдасын қолымен өлтірген адамдай күйінеді. «Әлдеқайдағы Ереймесиге неге алып келдім? Мал да болса, адамнан есті жануар-ай, шабуға жіберерде салбырап, басың төмен салып, кәдімгідей көзінен жасы бұршақтап тұрды-ау. Осы сұмдықтың боларын білген екен ғой еркеккерім», — деп өкінеді. Керейдің игі жақсыларының өздері келіп көңіл айтып, қол құсырып ауылға шақырғандарына жұбапбай, бармай, күңіреніп, бір күн, бір түн далада

өлген еркесінің басында отырады. Сол отырғанда өзі мен сандалкеріне өлең шығарады:

Жануар Құлагерім қолдан кетті,
Дұшпанның қастығынан қаза жетті.
Қаржас боп, қанжығалы, керей, алтай,
Қуандық, сүйіндік боп намыс етті.
Тамам жұрт көтермекке аттанғанда,
Алдынан қарсы бармай маған нетті?
Жиыннан жеке келген, тұлпарым-ай,
Үмітсіз қандай дұшпан қағып өтті.
Қырмызы, қара құлпы құйрығын-ай,
Суырылып тойдан озған, жүйрігім-ай
Жеріне Ерейменнің айдап келген
Тәңірінің, айналайын, бұйрығын-ай... —
деп күңіренген Ақан.¹

Жараға жара қосылып, ауыр қасіретпен Ақан еліне қайтады. Тағдыр, шіркін тас бауыр ғой, тап сол жылы Ақанның алғыр қыраны — Қараторғай һәм Базарала тазысы өледі. Қазақ: «Ер жігіт тұлпардың тұяғымен, сұңқардың қияғымен, сылдыр қаққан судың бойымен, алма мойын сұлудың қойнымен жұбанады» — дейді екен. Енді Ақанға өмірде жұбанарлық не қалды? Енді Ақанға теңізден терең ой қалды. Удан ащы қасірет қалды. Жасы да отыздың ішіне кіріп қалған. Өмірдің жайнаған гүлін көріп келген Ақан өз өмірінің бықсып-күйіп күлге айналғанын көре бастайды...

Сол уақыттан былай Ақанның жанында үлкен өзгеріс болады. Бұқардан оқып қайтып, Көкшетауда дәріс айтып тұрған, белгілі Науан қазіретке анда-санда барып сабақ алады. Дінге, сопылыққа беріледі. Хақ асығы дуанадай малдан елден безіп, дінменен жан тазартуға кіріседі. Бұрын судай сұлу махаббатты жырлайтын Ақан сопылықпен жан тазарту жайын жырлай бастайды. Бірақ сүйегіне біткен серілік серіліп кетпейді. Бәлки, серіліктері жұртқа жат, ұғымсыз түрге кіреді. Ақаннап мынадай кенет өзгеріс көрген соң, ел күңкіл қыла бастайды. Күңкілдің түбі Ақанға пері неленіпті деген сөзге айналады. Шынында Ақанның құлқынын, істерінің жай адамның құлық-істеріне үйлеспейтін мұндай сөздерді еріксіз шығаратындай.

¹Ертеңінде Құлагердің басын кәдімгідей кебіндеп көмеді (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Жаз шығып, жән-жануар қыбырлап, қалың ел қайта жайлауға көшкенде, Ақан сақау баласымен Қоскөлдің сыртындағы, Сарыкөлдің жағасындағы ағаш үйде жалғыз қалады. Қалың қамысты көл. Қою, қалың. Иесіз қыстау. Ақан. Тілсіз бала. Түн болады. Жел шығады. Қою қамыс зуылдайды, сықыр-сықыр қалың қамыс шайқалады. Иесіз үй күңіренеді, үй ішінде Ақан күңіренеді. Сақау балада үн жоқ. Екі көзі жаудырап Ақанға қарайды да отырады... Күндіз де сол...

Ішуге де, дәретке де суды Сарыкөлден ғана алады. Сарыкөлдің суына тірі тышқанды түсірмейді. Мінген атын да суармайды. Мал келе жатса алдынан шығып айдап жібереді. Ақан анда-санда жайлаудағы елді аралайды. Астында жүзiктің көзінеп өткендей жаратып тастаған бедеу. Екі жапында екі сұлу ат. Қайда барса, бір елі қалмайды. Шақырса екеуі екі жақтан келіп, тізесіне нектерін сүйен отырады. Ақанның өзінен басқа тірі жанды мандарына жолатпайды. Өздері—туғалы жүген—құрық кимеген шу асау. Ақан бір ауылға түссе, далаға барып оттап, Ақан аттанарда келеді. Ақан кез келген ауылға түсе де бермейді. Қалың қарауылдың ішінде өзінің таңдап алған белгілі ордалары бар. Сол ордаларға ғана түсіп, солардың ғана асын ішіп, солардың ғана төсегіне жатады. Болмаса қазы-қартаға бөлек қойса да, кез келген үйге түспейді Ақан. Түсіп отырған үйінің ыдыс-аяғында кір, қыл көрсе, яки сол үйдің әйелінің бір былықтығын байқап қалса, пісіп тұрған дәмді тастап, рұқсат алып, аттанып кете барады. Кімі кір адаммен отырғанда, тізелесіп те отырмайды. Төсегі кірлеу үй болса, үйге жатпай, далаға жатады. Жаз болса, көлдің жағасына барып, қыс болса, үюлі шөптің ішіне барып, кейде алланы аузынан тастамай, басын сәждеден көтермейтін болады. Жанды дінмен тазарту керек дейді. Ал енді кейде алланы ұмытқандай болып, діні, намаз, оразасын — бәрін қойып кетеді. Күні-түні күңіреніп өлең жазады, ән шығарады. Далада болсын, ауылдың жанында болсын, өзінің зарлы сарынымен ән шырқайды.

Ақанның осы мінездерінің, осы істерінің бәрі жат, бәрі жұмбақ, бәрі ұғымсыз, ел не деуге білмей қалады. Жыңды деп қояр еді, қалың қарауылда Ақаннан есті, Ақаннан шешен, Ақаннан көсем кім бар? Ермін деген ерлер шеше алмаған түйінді Ақан шешеді. Екі жақсы бас қосса, сөзді Ақан бастайды. Қандай ұшынған дау болса да, Ақан бітіреді. Ендеше, Ақан жыңды емес. Оған мұсылман перісі неленген болар дейді жұрт. Күн-күн сайын осы сөз өседі...

Бастап еміс-еміс боп, өлімсіреп туған өсек барған сайын бойы өсіп, бұғанасы қатып дәуірлей береді. Ақан Ерейменде Құлагердің басында түнеп отырғанда, таң алдында салқыنشалау жел шығады. Ақан тоңазығандай болады, шерлі Ақан күңіrentіп отыра береді. Сол арада болар-болмас кобыздың қылын, домбыраның шегін шерткендей нәзік мұңлы дауыс жан-жаққа жабылғандай болады. Әлгідей болмайды, жорғалаған желдің ішінен жібектей судырлап, талдай бұрандаған, жүзіне кәдімгі айдың нұрындай нұр төгілген бір әйел шыға келеді. Ол келген мұсылман перісінің ханының қызы екен. Адамзаттың еркесі Ақан сері қалың шерге дұшар болған соң, ханның қызы, ерке сұлу Ақанды жұбату үшін желге мініп, ұшып келген екен. Қеліп жұбатады... Сол түннен былай Ақан меп пері күндіз айырылып, түнде қосылатын болады... Жоқ, пері Ақанға Ерейменде пеленген емес екен. Періге пелену Ақанның тұқымында бар екен. Олардың қонысы — Қоскөлдiң өзі ежелдеп перінің мекені екен. Марқұм Қорамсаның өзі перімен айналысқан адам екен. Қорамсаның өзі де бірнеше күндеп, айлап ешкімге тіл қатпай, үйдеп шықпай, бұқбанау жасап аулақ отырып алатыны бар екен. Сол уақытта оның пері жары келеді екен. Ақанға пері қызын қосқан оның пері шешесінің өзі екен. Осылардың бәрі құр «екен» ғана емес, ап-анық нәрсе, көзбен көрген де кісі бар...

Шұңғырша қарауыл Әбіш деген жігіт күзді күні шөп шапқалы қыстауға барып, іңірде шошалада балта қайрап отырады. Ортада от бықсып жатады. Шошаланың іші қара көлеңке. Бір мезгілде жел шыққандай. Қыстаудың желкесіндегі қалың қайыңның жапырақтары сыбдырлағандай. Қораның төбесінде жапқан қамыстар судырлағандай, сырғауылдар сықырлағандай болады. Желмен ашылғандай ақырын ғана есік ашылып кетеді. Үйге үш әйел кіреді. Алдыңғысы денелі, ұлғайған; бірі—бәйбіше; екіншісі орта жастағы әйел; үшіншісі — талдай нәзік, талдырмаш бір қыз. Үшеуінің де жүзінен сорғалап сәуле төгіліп тұрғандай. Кімдеріне көз тоқтамайды. Үшеуі де жүздерін қолдарымен тасалай бергендей. Келіп босағаға отырысады. Әбіш қалтырап, тоңғандай, тісі сақылдап «құлқуалланы» оқи бастайды. Мұсылман пері құраннан қаша ма, үш әйел отыра береді. Біраздан соң бәйбіше сары іңгендей ыңыранып сөз бастайды. «Шырағым, Әбіш, танымаған соң сен бізді жатсынын отырған шығарсың. Мен — Қорамса атаң үйіндегі шешемің. Мынау — Ақан атаң үйіндегі жеңген, анау — менің кіші балам еді.

Таза жүретін мұсылман адамға беруге ойым бар еді. Үй-ішіміз болып сені ұнатасып саған қосқалы келіп отырмын», — дейді. Бәйбіше соңғы сөздерді айтқанда, сұлу қыз қағынған аққудай күлімдеп, керіліп қояды. Әбіште құт жоқ, зәре жоқ. «Әлхәмдіден», «құлхуалладан» қайран болмаған соң Әбіш жаңдәрмен тізесінің астында жатқан балтаны ала ұмтылады. Сол уақытта үш әйел күбір-күбір сөйлескендей болып, судырлап үйден шыға жөнеледі. Әбіш оттың басында талып қалады. Есін жиған соң ауылына қайтып, ауруға айналып, өмір бойы шала естілеу болып қалады...

Жоқ, жалғыз Әбіш емес, басқа да көрушілер болған. Ақанның қыстауының сыртындағы тоғайдан өткенде перілердің шулап, сақ-сақ күліп, ойнап жатқанын талайлар-ақ естіген. Шөбектің немересі — Жаңалы мырзаға да сол перілердің біреуі қара мысық болып келіпті-міс деседі. Бұл еміс-емісті қоя тұрып, Ақан ұйықтап жатқанда алысырақ тұрып қараса, әркім-ақ оның перімен жатқанын көруге болады. Ақан жатқанда көрпенің астында ылғи екеу болып жатады екен...

Міне, Ақан қырыққа аяқ басқанда, сұлулықтың асығы Ақан жарынан, тұлпарынан, сұңқарынан айырылғанда, өмір айдынында ән салып жүзіп бара жатқан қу қанатынан қайырылғанда, Ақанның жүйрік жаны ой дариясына шомып, сұлулығы жоқ, былық тұрмыстан безгенде, халық оны ұға алмай, Ақанның жұмбақ өмірін шеше алмай, оны алып барып періге балайды. Бірақ халық соқыр сезімімен кешегі ерке серісі — Ақанның сұлу тұрмысына кір жаққысы келмей, жанды затты сұлу періге апарып қосады. Жұмбақ та сұлу: таппаса да, шешнесе де сұлу.

Дұрыс, Ақанға пері иеленіпті деген сөзді әдейі таратушы, өлімсіреп тұрған өсекке әдейі жап беруші, жел берушілер де болған. Әсіресе «қалың қарауылдың қидыр орнаған ордасы» — Шөбек балалары. Перғауынсыз Мұса бола ма? Бірақ Мұсаның өзі перғауынға соқтықпаса, перғауын Мұсаға тиер ме еді? Тағы бірақ маңайындағы перғауындарға соқтықпаса, Мұса — Мұса болар ма еді? Қарауылдың сөз білем деген ерлерін, әсіресе, көршісі — Шөбек балаларын Ақанға қас қылған — улы тілі. Шынында, Ақанның тіліндей улы тіл сирек болар. Тиген жерін удай ойып жібереді-ау... Ақан бір жерде отырып, Шөбек немерелері туралы мынау өлеңді айтады:

Тас мұрыны — Бегалы,
Сады тоқалы — Сердалы,
Іскен басы — Сералы,
Қотыр ауыз Мұқанәлі,
Көнтеқ ауыз Нұралы,
Бос сорпағы — Баялы,
Ералы, Жаналы, Сайдалы —
Сауытбектің сарала иті сықылды,
Енеңді ұрайынның балалары...
Боқтыбай айтқандай, пәлі-пәлі¹...

Мынадай сөзді естіп отырып, Шөбектің көп баласы қалай намыстанбас, қалай Ақанды қорлап, өсек таратпас?

Қысқасы, Ақан туралы өсектің тарап кетуіне алдымен оның мінезінің жаттығы себеп болса, екіншіден, оның ащы тілі де қосымша болған. Қалайда, қазақ баласының шешені, сөз тапқыры Ақанға ешкім — досы да, қасы да — бетіне келіп, ісің жат-ау, саған пері пеленіпті деген сөз бар деп айтуға бата алмаған. Достары түгіл, қастары да алдында «Ақан аға» деп жорғалайды екен.

Осылай жұмбақ өмірмен Ақан елуге таянып келе жатады. Сұлу өмір жарқ етіп, нажағайдай өте шыққан. Өткен күн қиял туғызған ертегі сықылды. Көп ішінде көпке ұқсамайтын бір өзі, көп ішінде жалғыз. Қалың қарауылдың ішінде жанын ұққан жан жоқ. Жұбатарлық досы жоқ, жаралы жанын жазарлық жары жоқ. Әлдеқайда бетпақ шөл, бетпақ шөлде жалғыз жол... Сол жолменен жалғыз жан табанып тасқа тілдіріп, маңдайын күнге күйдіріп кетіп бара жатқандай; қайдан шыққанын, қайда бара жатқанын, не үшін бара жатқанын өзі де білмейді. Тілек жоқ, үміт жоқ, мақсат жоқ. Түнінен қараңғы, қорғасыннан ауыр ой ғана бар.

Осындай күйде келе жатқан Ақан кәріліктің босағасынан бұрылып кетіп, қайтадан өмірдің сұлу жолына түспек болады. Оймен уланып семген, қайғының қары қарып сөнген жүрек тағы тіріле бастайды. Елу жыл жасап талай күйіп болған, талай есін жиған жүрек тағы отқа, махаббатқа, жарға ұмтыла бастайды.

Махаббат іздеп тағы аласұрып, шарқ ұрады. Қанды көз қыран қияға қонып, қияға қарай бастайды. Ол күнде қалың қарауылдың ішінде аты ауыздан түспейтін үш ару бар.

¹Боқтыбай — екі сөзінің бірінде «пәлі-пәлі» деп отыратын бір шал екен (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Шөбектің немересі — Ұрқия, аға сұлтан Шыңғыстың немере қарындасы, Абылай тұқымынан Жүсіп төренің қызы — Жамал. Сұлулыққа қырағы Ақан үш сұлуды қиядан көреді де, қанатын қағынады. Жүйрік жүрек үш аруға да шеңгел салғысы келеді. Үзілген үміт жалғанғандай болып, Ақан тағы махаббатты жырлай бастайды. Үш аруға «Үш тоты» деп ат қойып, өлең шығарады. Бірақ бір нәрсеге байланбай жүрек тұра алмақ емес. Біраздан кейін Ақан ықыласы үш арудың біреуіне ауа бастайды. Ол ауғаны — Жамал. Он алты жаста ақ. Жібек желден жаратылғандай ару, Жиреншеден тәлім алғандай шешен, Едігеден бата алғандай данышпан. Қалайда Ақан Жамалды осылай сипаттайды. Осы жас Жамалға Ақанның жүрегі байлана береді. Жүйрік жүрек бір бастаса, не сүйіп қосылмай, не қосыла алмай күйіп, күлден кебін кимей тоқтай ма, Ақан бара-бара жас Жамалды біржола берік сүйеді. «Үш тотының» ішінен «қалқа бала» деп Жамалды бөліп алады. Бұл сүйгенін:

Қыздарды мен не қылам қылам-сылам?

Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?

Жаңартқан өмірімді қалқа бала,

Басы — жұм, ортасы — мим, аяғы — ләм, —

деп жұртқа өзі жария қылады. Кірсіз махаббат көптің көңілін не қылсын?!

Өмірде екі сүю болмайды дейді жұрт. Жұрт не демейді? Өзіндей болмағаны үшін Ақанды «гері соққан» дейді. Жұрт аспанға өрлеген жанды, жиһанды құшпақ болған жүректі есалаң дейді. Жұрт жүйрік жүректі мойнына құрық түссе, құлағы салпын тұра қалатын мұжықтың мәстегі болсын дейді. Жұрт желден жүйрік жүрекке мойныңа түскен бұғалықтан бұлқынып шығам деуші болма деп, шіріп қалған шындықтан сабақ береді. Жүйрік жел ұшпай тұра ала ма? Жүйрік жүрек құшпай тұра ала ма? Жүрек сүю болмаса салқын, бос қуысқа айнамай ма?! Жиһанда жалғыз мәңгі нәрсе — махаббат емес пе, өлген махаббат екінші түрде, екінші түсте қайта тірілмек емес пе?!

Ендеше, Ұрқияны сүйген Ақанның Ұрқия өліп, көп жыл өткен соң Жамалды сүюінде де ешбір таң нәрсе жоқ. Кім біледі. Ақан жас Жамалдан тіріліп келген Ұрқияны көрген шығар... Қалайда, Ақанның Жамалды сүюі барған сайын арта береді. Жасы елуден асып, кәрілікке барып қалған Ақан іштен сүйіп, іштен күйеді. Сырттан өлең шығарып жүргені

болмаса, Жамалдың өзіне білдірмейді. Екі жастың арасы қыс пен жаздай болған соң, бұл сүюдің пайдасыз екенін ойлап күйінеді. Жамал жүректі құр өрттейтін әйел болып туғанша, ұл болып неге тумадy екен деп назаланады.

Тал бойың Құлагердің сағағындай,
Тамағың піскен алма сабағындай.
Қаз мойын, мөлдіреген қарақат көз,
Иегің ителгінің тамағындай.
Ішінде өз жұртыңның еркелейсің,
Айдынның ақ қайраны, шабағындай.
Осынша жүрегімді жандырғанша,
Ұл болып тусаң нетеді, қарағым-ай?.. —

дейді Ақан. Бірақ қалың оттай жүректе заулаған махаббат сыртқа шықпай тұра алмайды. Дүниеде күшті нәрсе екеу-ақ қой: өлім һәм махаббат. Адам өзгені айналып өтсе де, өлім мен махаббатты айналып өте алмақ емес. Ақан өзін қанша тыймақшы болса да, сол күшті махаббаттың күйдіруімен өзі-не-өзі не бола алмай, сүйгенін ақыры Жамалға білдіреді.

Бұраң бел, жазық маңдай, сүмбілден шаш,
Тартылған бойың сымдай, қиылған қас.
Ақ жүзің түстік жерден көрінеді,
Секілді жарқырайсың бриллиант тас.
Сипатың жұмақтағы Хорылғайын,
Көрген жан жамалыңа болады мас.
Сайраған қапастағы тоты құссың,
Білмейді қадіріңді бұл күнгі жас.
Айтуға тура түйреп жасың кіші,
Сыртыңнан иемдеймін, ей, қарындас.
Тау-тасты шабыт қылған ақиықпын,
Болмайды сені ойласам ішкенім ас.
Жорытқан түс секілді жіберейін,
Бұл сөздің пайымын біл де, түндігін аш...

Алдыңа далбай тастап шырғаладым,
Шабытқа келе алмасаң, қылғаның қас, —

деп жазады Ақан. Бір ғана емес, көп жазады. Желдей екпінді албырт жастай, өрт болып жанған жүректен шыққан жалпыды өлеңдер жазады. Бірақ қанша есті болғанымен, жас Жамал Ақанның жанын қайдан ұға алсын?! Оның сүттен таза махаббатына қайдан баға бере алсын? Кім біледі, баға берген де шығар-ау, бірақ жұрттың сөзін аттап өтіп, слуден асқан адаммен қалай өмірін қоса алсын? «Қара қазақтың». «жабайы адамның» қызы болса, бір сәрі. Жүсіп төренің қызы мұны істесе, төренің сүйегіне біткен таңба емес пе? Қалайда Жамал Ақанға жылы жауап бермейді. Жамалдың бұл мінезі Ақанның өзегін тіпті өртейді. Махаббаты бұрынғыдан мың есе күшейеді. Ақан Жамал маған жылы жауап бермеген екен деп өкілеп ғашықтығын тоқтатпайды. Шынында, ғашықтық деген алып-салмалы қолдағы нәрсе емес қой. Жамалдың сүйіп білдірмеуіне көзі жеткен соң Ақан іштен сүйіп, іштен күйге айналады. Күн-түн күңіреніп, өлең шығарады. Ән шығарады. Ақанның Жамалға қатты ғашық екендігі, оған арнап ылғи өлең де шығаратындығы, Жамалдың ол ғашықтыққа ілтипат қылмауы жұртқа жайылып кетеді. Замандастары ұшырасқан жерде мысқыл қылыққырайды. «Ақан-ау, қыз саған мойын бұрмайды, осы ғашықтықтан не пайда?» — деседі екен.

Осындай сөздерге Ақан: «Менің ғашық болуым үшін оның ғашық болуы шарт па екен, ғашықтық бір нәрсеге байланып жүре ме екен?» — дейді. Ғашықтықты дұрыс ұғу деген осы болады ғой. Не керек, жоғалтқан тәңірісін кәрілік босағасында қайта тапқан Ақан, сол тәңірге таза иетті құл болып табынуға арланбайды, қажымайды. Сүйуден-күйуден, күндіз-түні күңіреніп махаббатты толғаудан талмайды. Барған сайын махаббат тереңдей береді. Сөйтіп жүргенде жас Жамалдың ұзатылатын шағы болып қалады. Жамал ұзатылады. Алыстап көрінсе де, көңілге медеу болып жүрген Жамал енді жоғалады. Мал берген жабайы күйеу сұлу Жамалды меншіктеп алуға келген. Жамал танысып жүр, айдыңның дөңіндегі ауылда ойын-той, айдыңның қара толқындары арасында қанаты сынып, құс төресі — аққу отыр. Аққу әлдеқайда алыста алтын сәуле көреді. Ескі күш есіне түсіп ұмтылады, қағынады. Көтеріліп кетуге дәрмен жоқ. Жырлайды да, жылайды; жылайды да, жырлайды. Алдағы алтын

сәуле оған ілтипат қылмай, созылып, күлімдеп өз жолына бара жатыр. Соңғы минут, сәуле жоғалып барады. Тұңғық айдын. Құтырған толқын. Жаралы аққу. Қалған барлық күнін жиып ұмтылады, пайда жоқ, толқын күшейгендей. Хал біткендей. Сәуле сөніп бара жатыр. Енді Аққудың аузынан жыр төгіледі. Мұңды үн құйылады. Өлім мен өмірдің үні. Үзіліп бара жатқан жүректің жыры. Жамал ұзатылғандағы Ақаншын шығарған «Сырымбет» әні — сол өліп бара жатқан құс төресі қудың әні. Біздің зарлы әндеріміз көп. Бірақ «Сырымбеттей» терең зарлы ән сирек болар. Жердің жүзіндегі мұң, адам баласының барлық зары сол «Сырымбетке» жиналғандай. Жамал ұзатылатын күндерде Ақан күндіз-түні күңіреніп, «Сырымбетін» шырқайды да жүреді. Ақан түндерде «Сырымбетті» шырқағанда, кім ғана жыламаған, қалың қарауыл жылаған. Жас пен көрі жылаған, әсіресе, нәзік жаңды жас Жамал жылаған...

Аулық қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұңқар баласына.

А-а-а-ау, сәулем.

Қарындас-ау, енді есен бол...

Бидайыққа лайық қалқа бала,
Бөктергіге қор болып барасың да...
Аулық қонған Сырымбет саласына,
Ғашық болдым ақсұңқар баласына.
Дариға, қайырылмадың, қалқа бала,
Жүректің енді ем жоқ қой жарасына...

Алтын қайық жарасар күймесімен,
Назым тартпас бұлбұл құс сүймесімен.

Қоскөл жаққа таныса киіп барған
Бешпетінді бер, қалқа, түймесімен.

А-а-а-ай... сәулем.

Қарындас-ау, енді есен бол...

Сырымбет тауы — Жамалдың әкесі Жүсіп төренің қонысы. Ақаншын Жамалға ғашықтығы жүйрік жүректің соңғы соғылуы. «Сырымбетті» Ақан жырларының ең соңғы сұлу жыры деуге болады. Жамал ұзатылған соң Ақан тұңғық қайғысын құшақтап, қалың елдің ішінде жалғыз қалады. Ақаншын мұнан соңғы өмірі сырттан гүлсіз, үнсіз, жырысыз, түрсіз өмірге айналады. Бұрынғы жат мінездері, тіпті жат, ұғымсыз түрге кіреді. Бірақ, дариға, жүйрік жүректің қайғымен жылынып, сөнгенін, терең жанның оймен уланып өлгенін кім ұққан?!

Ақан алыстан асқан кезде, қазақ даласына кара шекпендердің қаптап келе жатқанын айқын көріп, жақсы жерінен айырылған соң елдің кедей болғандығын, елдің алды қараңғы екендігін жырлай бастайды. Әсіресе, қара шекпендер Ақанның ата мекені Қоскөлдің желкесіндегі Сарыкөлге қол салғанда, Ақан ылғи жүректен шығатын жырларымен қазақтың жерін жоқтай бастайды. Ақанның соңғы өмірі жырмен жер жоқтауға, Сарыкөлді іздеуге жұмсалған деуге болады. Бірақ қанша ізденсе де, Қөкшетау мен Қоскөлдің арасын жүре-жүре жол қылса да Сарыкөлді өзіне қалдыра алмаған. Сарыкөлге мұжық қаласы түскен. Туған жері мұжыққа кеткен соң, Ақан 50 шақырым жердегі Сасықкөлдегі бір күйеуіне көшіп барады. Сол күйеуінің қолында алты алашқа аты шыққан Ақан сері сұлу жырларымен, зарлы әндерімен, әсіресе, басқа адамға үйлеспейтін жат мінездерімен аты шыққан Ақан ауырып, жетпіс жасында, 1916 жылы дүниеден қайтады. Сөйтіп, аласұрған ұшқыр жан, шарқ ұрған жүрек, жабайы жұртқа ұғымсыз, жат мінезді, ірі жүрек сұлулық іздеп, өмір бойы от болып заулап жанған жүрек мәңгі мұзға айналады...

Ақанның жат мінездерін, өмір бойы тәңірі көріп сұлулыққа табынуын көз алдыма алып келсем, менің есіме Англияның ақыны — Оскар Уайльд келіп түседі. Оскар өмір бойы сұлулықты жырлаған, жалпы жұрттан сері деген лақап алған. Жұрт оны да сері деген. Сол серілігі үшін абақтыға жапқан... Ақан да сұлулыққа табынған. Алты алаштан сері деген ат алған Бірақ Ақанның сұлулыққа табынуы тереңірек. Ақанның өмірінің жұмбағы түйіндірек. Мұның өмірі мұн мен зар. Егер Ақан Оскар Уайльдай өнерлі елдің ішінде туса, бұл тілекке жауап табу қиын. Мұндай тілекке жауап іздей бастасаң, еліңнің заулаған оттай баяғысы, қап-қара түндей кешегісі, жалпылдаған жындай бүгінгісі, қара тұман келешегі көз алдыға келіп, Ереймен тауының бауырында өлген Құлагердің басын құшақтап күңіресіп отырған Ақан серінің қасіретіндей жаныңды терең қасірет билеп алып кетеді...

АҚАН СЕРІ СӨЗДЕРІ

«Ақан серінің сөзінен өмір сұлу» деп біз Ақанның өмірін жазған мақалада ескерткенбіз. Алайда, оқушыға Ақан туралы аз ба, көп пе қоғамдық ұғым беру үшін Ақанның сөздерінің мінезін білдіріп, түрлерін көрсетуді керек деп білдік.

Тағы бір ескертетін нәрсе—біздің қолымызға Ақанның барлық өлеңдері түскен жоқ. 1922 жылы жаз бірер ай әдейі Ақанның сөздерін жинамақ үшін Көкшетау оязын аралағанымызда, Ақан өлеңдерінің қорлы болып жиналған жерін ұшырата алмадық. Әркімнің аузынан бір-екі ауыздан жиюға тура келді. Жалғыз-ақ Шыңғысұлы Қоқыш ақсақал мен Самыратұлы Қазыдан біраз жазылған өлеңдер ала алдық. Қазының айтуына қарағанда, бұл өлеңдерінің бірталайы Ақанның өз қолымен жазылған болса керек. Сонда да біздің қолымызда Ақанның 3-4 жүз ауыздай өлеңі бар. Аз да болса осы өлеңдері бойынша оның ақындығын шолмақпыз.

Жалпы жолға қарсы болса да, Ақанның сөздерін мағына жағынан тексермес бұрын, біз Ақанның тілінен бастамақшымыз. Бұған себеп — Ақанның тілінің таза еместігі. Қазақ ақыны Ақанның ана тіліне араб, фарсы, орыс сөздері көп кіріп кеткен. Оның мағына жағынан, әсіресе, сурет жағынан сұп-сұлу өлеңдерінің тілдері шұп-шұбар. Ақан бұл шұбар жолға өзі қалап түскен емес, оны заман қуып түсірген.

Адамның бір атаның баласы екені рас болса, белгілі бір заманның баласы екені де даусыз. Ақан — заманның баласы. Ол заман, өткен тоқсан тоғыз, жүзінші жылдар, қазақ даласын оңтүстік пен солтүстіктен екі албастының келіп басқан заманы. Біреуі — Бұқардан шандардың, қазіреттердің, молдалардың, халфелердің шаңырақтай сәлделеріне, күпілерінің күйектей етектеріне жабысып келген мұсылман албастысы. Екіншісі — болыстардың знак, мөрлеріне, тілмаш, «учительдердің» қақпаған картоздарына, сымниған шалбарларына оралып келген албасты. Ол дәуір — осы екі албастының кесірінен елдің өмірі іріп-шіріп, тілінің тарғылданған дәуірі. Ол дәуір халфелердің:

**Фараухун уә райханын әнфісәкә сәнің,
Болғанда хуснул уәжи абиз тәнің,**

деп тімәштардың:

**Көйлегің сексен теңге серо-бурый,
Дамбалың московский материя, —**

деп, учительдердің:

**Милая, тебя вижу, қырындаймын,
Без ответ все таки ұрынбаймын, —**

деп қыздарға хат жазатын дәуірлері. Ақан қазақ тілінің сол тарғылданған дәуірінде өмір сүрген. Оның үстіне өмір-деп соққы жеген Ақан сопылық, дін жолына түсіп, жан тыныштығын табамын деп жүріп Бұқардан оқып қайтып, талай елдің осы күнге шейін көз аштырмай кеткен көкшетаулық Науан қазіретке шәкірт болған. Ақанның тілінің тарғыл болуының себебі—осы. Оның тарғыл тіліне ең ашық мысал мынау өлең:

**Хат жаздым қағаз алып қалам, сия,
Көптен-көп сәлем айттым, гүл Назия.
Тағырифін тамам қылып танығандай
Ділмардан ділмар керек шаһбазия. .**

**Хат жаздым қағаз алып қалам, сия,
Шери зат дұхтарсаһи Гүлнаһия,
Әр нақыш мәдаһымды түсінерсің,
Діл араи, діл хафзаи Гүлнаһия.**

**Сәдәфтің шашыраған жәуһәри сіңірә,
Көңілімнің зәһрәсіне салған ұя.
Гәсуа дарин секілді бинт махбул,
Кісәһия секілді кінәзия.**

**Көптен-көп поклон айттым, скажия,
Сырымды кімге айтамын, сізден зия.
Именной, искренный ескеріңіз,
Хорошенко, сестра, сватия.**

(Құдаша, қарындас дегені ғой). Мынау, шұбар тіл үшін, әрине, Ақанға рақмет айтарлық еш нәрсе жоқ. Бірақ Ақанның сол тарғыл тілді өлеңдерін адам ұғып оқыса, тегінде суреттеуге шебер Ақанның сол тарғыл тілмен де суреттей алғандығын көруге тиісті. Ақан бір өлеңінде Қалқа баласына былай дейді:

**Тағрифін тамам қылып жеткізе алмас
Қамыстар болса — қалам, бахыр¹ — сия.**

Мынау құранның құдайды суреттеген сөзімен ақын Ақан Қалқа баласын суреттегені ғой.

¹Бахыр — теңіз (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Тағы ақын Ақанның молдадан үйренген мұсылмандықпен, арабша үйреніп молда болғандығымен қалай найдалаңғанын мынау суреттеуі шешіп береді. Ақан Қалқа баласын былай суреттейді:

1. Қасың қара қаламның сиясынан,
Қолың нәзік өзеннің миясынан...
2. Ақша бетің үстіне нәркес көзің
- Ақ қағаз нүктесіндей нонға тартқан...
3. Сымбатыңды қарасам, қалқа бала,
Мен секілді «машайық шыңға тартқан»...

Мінсіз басың машайықтың мемі секілді, бұраңдаған бойың мемнен соң бұраңдаған машайықтың шені секілді деген ғой. Мынадай суреттер екінің бірінің - ақ қолынан келетін нәрсе.

Онан соң Ақанның өлең ұйқастыруына да молдалықтың «шарапаты» тимей қалған емес, сол жолда Ақанға, әсіресе, әсер қылған — атышулы «Мұхаммадия» болған. Мұсылманша оқығандар біледі, «Мұхаммадияның» өлендері ылғи ұйқас қуық кетеді. Мысалы, бір өлең я-ға ұйқастырылса, сол өлең бір-екі бетке созылса да я-ға ұйқастырылады да отырады. Ақан өлең ұйқастырғанда көбінесе осы «Мұхаммадияның» жолына түскен. Бұлай ұзақ ұйқастырудың өлеңнің сырт сұлулығына пайдасы болғанымен, лайықты сөз табылмай қалып, мағынасы аз сөз кіріп кету қаупі де зор. Ақанның да ұзақ ұйқастырылған өлендерінде осы себептен мағынасы аз сөздер әжептәуір орын алады. Бірақ өлең ұйқастыру ауданының кенеюі көзінен қарағанда, Ақанның бұл тәжірибесін онша мінеуге болмайды.

Қысқасы, қазақ тілінің қуғын көрген дәуірінде өмір сүрген Ақанның тілінің тарғыл екені рас. Бірақ тарғыл тіл шың Ақанның тілін тұтықтыра алмаған.

Ақын Ақан шәкірттің қағаз-сиясынан, молданың мың бейпетпен, қауырсын қаламын сықырлатып жазатын «н» харпінен, жазаласа ишанның машайығынан, құранның аятынан өзіне керек суретті жасай білген.

Енді Ақанның сөздеріне мағына жағынан келгенде оның өлендерін беске бөлуге болады:

1. Сықақ.
2. Ғашықтық.
3. Айтыс һәм мақтау.
4. Сопылық.
5. Қазақ қайғысы туралы өлендер.

Бұл бөлімдердің сықақтан басқасы Ақанның өмірінің түрлі дәуірлеріне байланған.

Бұл туралы Ақанның өмірін жазған мақалада айтып өткенбіз. Жалғыз-ақ сықақ — Ақанның сүйегіне біткен сипаты. Ақан өмір бойына өзінің көңіліне ұнамаған адамды сықақ қылып, ілін тастамай қойған емес. Ілетін орны келгенде пәленше-түгенше деген атына, затына қараған да емес. Қарауылдың ақсақалдары осы күнге шейін Ақан десе, алдымен оның улы тілін есіне түсіреді.

Ұнамаған адамға Ақанның тілінен құйылған у талайды талай заман шыбжындатса керек.

Тілінің уының күшті екенін Ақан өзі де білген.

**Қағысқанды қыламын под надзором,
Патшаның мизамындай мен де сотпын, —**
дейді Ақан.

Достыққа баға бермей, сыртынан өсек жүргізгені үшін Жүсіп деген белгілі бір төреге Ақан былай дейді:

**Жүсіп-ау, төрелік жоқ баяғыдай,
Дәрежең қара қазақ аяғындай.
Досыңды дұшпан көріп ғайбаттайсың,
Мінезің әзәзілдің таяғындай.**

**Жүсіп-ау, неше мысқал басыңда ми?
Айдаған мал, үстінде тігулі үй.
Қиямет таразыны құрған шақта
Айса, Ермек, Тортай болады би.**

**Мәңкүр-нәңкүр бесеулеп ұрған шақта,
Көтіңнен шығады ғой сонда бір қи.
Майын мінген аттай қып қайтарасың,
Күңшеңнің¹ арқасынан шығармақ ши.**

Қарауылдың белгілі Шөбегінің немересі — қотыр ауыз Мұханәлі деген Ақанды періге үйленген деп жамандап өлең шығарады. Ақан оны білмейді.

Бір жерде осы өлеңді есті салып, сөздің ыңғайынан кім шығарғанын біле қойып, Ақан айтыпты:

¹Күңше — Жүсіп төрелік қатыны. Айса, Ермек, Тортай — қарсы партиядағы адамдар. Күңше сол тұқымнан болса керек.

Адамды сырттан ғайбат жарамайды,
Ғайбатсыз ақымақ асы тарамайды.
Мына өленді шығарған ақымақтың
Аузына жағар ма еді қара майды.

Бір жнында Ғалиянуұр деген бір ноғай молда Ақанмен айтыспақ болады. Ақан ноғайдың орақ мұрнына тне сөз бастайды. Ноғай «мен орақ болсам, найғамбар да орақ мұрын болған» десе керек.

Сонда Ақан:

Мұхамбет — құдай досы, пайғамбары,
Пайғамбарды көрген жоқ жұрттың бәрі.
Пайғамбардың сипаты сендей ме екен,
Орақ мұрын, шегіркөз, ақжал сары, —
дейді:

Ақанның ғашықтық өлендеріне келсек, басқа өлендерімен салыстырғанда оның шеберлігі сонда көрінеді. Сері Ақанның мұндай өленге шебер болуының, әрине, таңы жоқ. Ғашықтық өлендерінде Ақанның әрбір сөзінен ақындық пісі аңқып тұрғандай, ұсатусыз, суретсіз сөз жоқ деуге болғандай:

Оралдың мен ақиық қырандағы,
Сен сәулем — қызыл түлкі қияндағы.
Қия тас қиынына кетсеңдағы,
Қамшылап қанатымды бұрамдағы.
Қия тас қиынында бекінсең де,
Тәуекел майданында тұрамдағы.
Асыл зат, алқызыл гүл қарындасым,
Сәрудің¹ саясында Иран дағы.
Есілдің құба талы, шынарым-ай,
Алдымнан майысып шық бұрал-дағы
Көріндің хордай болып жұмақтағы.
Өткірсің нар кескендей қынаптағы.
Сөзіңді ешбір жанға ұстатпайсың,
Қалбырға құйып қойған сынаптағы.
Жігіттің ғашық болған пірі едіңіз,
Аспанда ұшып жүрген сіз ақ тұйғын,
Екіден үшке жеткен түлегіңіз.
Сұқсырдай су ішінде мекен етіп,
Ілінбей қармағыма жүр едіңіз.
Көрініп қолға түспей жүрсің, қалқа,
Қай жерде мекен еткен түнегіңіз.

¹Сәру — ағаш (М. Жұмабаевтың ескертпесі).

Түн қатып, түнегіңнен ұшқанымша,
Үзілмес, сірә, сізден күдеріміз.
Жұмысым көңілімдегі бітер еді,
Артылса ақ төсіңе білегіміз...

Ақанның ғашықтық өлеңдерінің ішінде көп жерге тарап кеткені — «Ақ көйлек» өлеңі. Бұл — Ақанның ең сұлу өлеңінің бірі. Ту басында жүз бір неше ауыз өлең болса керек, бәрі «Ақ көйлек» деп басталған.

Бір ауызы:

Етегі ақ көйлектің ілмеленген,
Қастарың харіф мәттей сүрмеленген.
Сүмбіл шаш, лағыл ерін, асыл қалқа,
Іш-бауырым ғашық отпен тілмеленген...

Мынау өлеңдеріне қарағанда, ғашықтыққа Ақанның көзқарасы мен жәй бозбаланың көзқарасы арасында артық айырма жоқ сықылды. Алайда ғашықтыққа тереңірек қараған адам ол ғашықтықты «ақ төске білектің артылуы», артылмауымен ғана байлап қойған емес. Бұл — Ақанның өмірінен белгілі. Екінші, мынау өлеңдерінде ишара бар:

Кісідей өкпелеген мойның бұрмай,
Білдің бе кемшілік деп ғашықтықты?..
Жоқ болса айтар сөзің жұбайыңа,
Жүрейін, амалым не, өз жайыма.
Обалың, айнымасам, маған емес,
Жаратқан жақсы қылып құдайыңа.

Сен сүймей кетсең де, мен сүйе бермекпін. Сені мендік болғаның үшін емес, жақсы жаратылғаның үшін сүйемін дегені ғой.

Ақанның айттырған һәм мақтау өлеңдері туралы еш нәрсе деуге мүмкін емес.

Мұндай өлеңдері менің қолыма түспеді. Жұрттың айтуына қарағанда, бірнеше ауызбен де, жазысын та айтысқанға ұқсайды. Өзгесін жеңді, бірақ Орынбайдан жеңілді деседі. Орынбайға Ақан былай дейді (Орынбай жанында әйелдер отырған үйге кіріп шыкса керек):

Ореке, сөз бастайын, жолың қисаң,
Мүрит боп ең ғой пірге, сен, Зейнолла ишан.
Жаңа тағы өңкеңдеп қол тапсырдың,
Шулаған, ақ сәлделі бұл қай ишан?

Сонда Орынбай қарттық:

Ақыл — аста, күш — атта, сом — малдыда,

Ақыл, айла болмайды жоқ-жарлыда.

Парыз, уәжіп баршасын тамам қылып,

Жалғыз-ақ әйел деген сөз қалды ма? —

деп Ақанның ораза, намазға салақтығын бетіне басып, тоқтатып кетті деседі.

Ақанның сопылық туралы өлеңдері де менің қолыма жөнді түспеді. Алайда серілік пен сопылықты қоса білген, намаз, оразаны жанының тілеген уақыттарында ғана атқаратын Ақанның сопылығы жанына жып ұялаған, сныр көзді соғылғандардың сопылығынан бөлек болған десек, құрғақ сәуегейлік қылған болмаспыз. Бұл пікірге алдымен Ақанның өмірі күшті дәлел болса, мынау өлеңі де ишара қылады:

Дүниенің қызығын кешіп өтіп,

Тәттіліктің алмадық еш ләззатын.

Пәраудигар сопылардың жолыменен

Құдайға құлшылықта ғибадатым.

Айырушы алла бар, не ғамал бар,

Адамның ішкі сырын, зайыр, затын.

Енді Ақанның қазақ қайғысы туралы өлеңдеріне келсек, оның сері Ақан болуымен бірге жаралы елдің шын азаматы болғандығы сол өлеңдерінде көрінеді. Дұрыс, бұл өлеңдер таза ақындық, сұлу сурет, ұйқас теру жағынан басқа өлеңдерінен көп төмен. Бірақ бұл төмендікті оның ойлы азаматтығы жуып кете аларлық. Ақан бұл өлеңдерінде елдің қайғысын көре білген. Сол қайғының себебін таба білген...

Ақан соны жырлайды. Жерінен айырылған елдің көзінің жасы көл болғанын айтады.

Тасыған қазақ көзі бұлақтай боп,

Соятын крәсиянға лақтай боп.

Патшаның сүйікті ұлы келгеннен соң,

Шетке шығып қалдық қой брақтай боп...

Қор болып крәсияның табанында,

Қалайша күн көреміз дәурен кешіп?

Темір айыр, ақбалта қолдарында,

Тілге келмей ұрады өнмендесіп...

Қасиетті ата-баба зиратының

Үстіне егін салды, жайлап есіп.

Тірі түгіл, өлінің көрін алып,

Бұлайша іс қылады ерегісіп.
Қай дума, комиссия болсадағы,
Бұған закон сұраймыз төрелесіп.
Жетпіс екі миләттә жол бар ма екен
Сүйекті, дінді қорлау тепкілесіп?
Құдайдан кітап келген халық болса,
Іс қылмас айуандарша көрді тесіп.
Россия патшасының мизамында,
Мұндай іске «Інжілде» закон нешік?
Бұларға патша мизам білдірмеп пе?
Надандықпен қыла ма гуілдесіп?..

Қазақтың мұндай күйге түскенін Ақан ә дегенде жергілік-ті өкімдердің надандығынан, қаралығынан деп біледі.

Патша алыс, жете алмаймыз Петәрбургға,
Және де сегіз санат алыс қия,—

дейді. «Ақ патша», сегіз санат қазақ даласындағы мынау зомбылықты білмей отыр ғой, білсе олар аяр еді дейді бала елдің бала ақыны.

Мал өсірген халықңыз егін екпей,
Аз жерге сыя алмаймыз сызғандай-ақ.
Шеттен келген төрелер норма қылған,
Қазақ жайын білмейді жалғыз қарап.

Петербурдан шафқатты санат келсе,
Патшадан жарлық алып құдай қалап.
Қазақ үшін қайғырып жылар еді,
Ол мейірбан ер болса ұялмай-ақ.
Қойдан қоңыр не қылған халық еді деп,
Көзін жасын қайтар еді тыя алмай-ақ.

Есті Ақан ұзамай-ақ мынау ақкөңілдіктен құтылады. Бәленің басы Петербордағы «патша ағзамда» екенін біледі. Енді Ақан Петербордан жай мархабат күтудің орынсыз екенін ұғып, «ақ патшаға» баяғы жеріне тимеймін деген уәдеден тайдың деп, қыр көрсетіп, өкпе айтады. Мұндай қырлы өкпенеден де еш нәрсе өнбейтінін біліп, үкіметке: «Тіпті бізді аямай-ақ қой, өз мемлекетіңнің пайдасын ойлашы. Өзің үшін қазақ жерін, қазақ малың құртпағаның пайдалы ғой», — дейді. Мұндай негізді пікірге ол күнде екінің бірі-ақ не болған шығар.

Пара-пар крәсиянға тең болмадық,
Тартылып қай жараға ем болмадық?
Малымыз, жерімізден пайда тиіп,
Қалайша патшамызға дем болмадық?
Сексен бес жыл болыпты поддандыққа,
Қайырсыз патшамызға ел болмадық.
Құр мен қоян секілді алуға оңай,
Қай жұртқа аңқаулықпен жем болмадық.
Қазақ малы азайса, халқың азар,
Қалайша бай-көпестер дүкен жазар?
Патшалық дүкендердің бәрі көмір,
Сөзімнің дәлеліне салсаң назар.
Қазақ малы кемісе, бәрі кемір,
Ірбіт, Мәскеу, Мәкәрші — күллі базар.
Сиыр, қой, жылқы, қылы, май, терісі,
Фабрикте асыл пұлды жүннен тозар.
Шолақ мәстек, қу бөшке крәсиян
Қазақтың байлығына бермес ажар.
Сендер үшін қазақ малы азайды деп,
Фабриктәр крәсиянның шашын күзер.
Зираттың тақтайларын ұрлап алып,
Айуанша қараңғыда қазып мазар...
Үстіне егін шықса қырқып алып,
Аузына не түскенін итше қажар.
«Біз солдат патшаға бердік» дейді,
Одырауға салады өңкей ожар.
Қай жауды әскер беріп мұқатыпты?
Соғыста солдаттары жүреді азар.
Күллі халық кәсібі қазақпенен,
Қисап неге қылмайды думашылар?
Пайдасы крәсияннан кейін бе екен
Қазақтың қайран малы көлге жүзер?
Әскерге де ат керек, тамақ керек,
Данышпандар қисапты қылса сезер! —
Жер-суын, баққан малын алдыңыз да,
Қазақтан бұл уақытта болдың безер.
Дариға, дертті заман келгеннен соң,
Қаламға жөн қалмады тізгін тежер...

Газет-журнал оқымаған, пікірлі азаматтың бетін көр деген
падан Науаның шәкірті — Ақанның мынадай пікірге келе
білгендігі шынымен тамаша, өз миымен шаруа түрлерінің
арасындағы байламды көре білген Ақан, не десен ол де, тым-
ақ жабайы жан емес.

Соңғы кезде Ақан патшаға көшіп кетеміз деп қоқан-лоқы қылады. Өзі шынында да құтсыз қоныстан ауу керек деген пікірге келеді.

**Бостаншылық берсе егер басымызға,
Патшамыз мархамат қып ризаласып,
Бетімізбен біз де өлмес күнін көріп,
Тынышты жай іздер ек арып-ашып...**

Ақанның сөздері осы. Соңғы өлеңдерінің мағынасы дұрыс екені даусыз.

Ілгергі өлеңдерінде бірталай сұлу сурет бар екені рас. Сонымен бірге соңғы өлеңдерінің тілі тұтқыр, барлық өлеңдерінің тілі тарғыл екені рас. Осы өлеңдерді шығарған Ақанның өз өмірі жалпақ елге жат болғаны, жұмбақ болғаны тағы рас. Бұлардың бәрінің себебі Ақанның өмір сүрген дәуірінде. Ол дәуір — Нұттың толқындары арасында қазақтың қайығы қалтылдап батып бара жатқан дәуір. Ойы — тұмап, тілі — тарғыл, жаны да жасыған, тілі де жасыған. Қалың қазақ қайықтың батып бара жатқанын білмейді. Бірақ Ақан сықылды бірен-сараң сезімпаз ұлдары ғана болар-болмас сезген де, көпке алдымен өзінің өмірімен ереуіл жасаған, оның өзінің сері, жолдасының пері атағаны осыдан. Тұманды дәуірдің ұлы — Ақанның тілінің таза болмауы тағы осыдан. Ақанның барлық кемшіліктерінің үстіне бір сұлу сипаты — елдің сол дәуірдегі өмірін өлеңдерімен, әсіресе, өзінің өмірімен суреттей білген. Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жаңды адамның ғана қолынан келмек.

Біздің міндетіміз — өткенді аударып, ішінен көрнектілерін аршып ала білу, кешегі мыл қазақтың «ескісіз жаңа болмайды» деген мәтелін киімнің қолтығына ғана қамап қоймай, балапан әдебиетімізге де қабыстыру.

Сөз соңында Ақанның сөздерінің тегіс жиналмағандығын ескертеміз. Көкшетаудағы Біләл жолдас жинауға кіріссе дұрыс болар еді.

М. ЖҰМАБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАЛАРЫ

Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. — Алматы: Жазушы, 1989. — 447 б.

Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлеңдер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). — Алматы: Ғылым, 1992. — 272 б.

Жұмабаев М. Батыр Баян: Поэма //Жұлдыз. — 1989. — 117-124 б.

Жұмабаев М. Бұйырса, шырақ сөнбес, ұзақ жанар; Ормал; Батқан күн, атқан таңның жыры; Көбелек; Көңіл; Қараңғы дауылды түн; (Өлеңдер). //Соц. Қазақстан. — 1988 — 31 декабрь.

Жұмабаев М. Біраз Фетше; Атақты ақын, сөзі алтын; Гүлсім ханымға; Тілегім; Александр Блок; Мені де өлім, әлдиле; Сүйемін; (Өлеңдер). //Лениншіл жас. — 1989 — 4 январь.

Жұмабаев М. Екі поэма: 1. Қорқыт; 2. Қойлыбайдың қобызы. //Жұлдыз. — 1989 — № 6 — 114-118 б.

Жұмабаев М. Жатыр; Осы күнгі күй; Балалық шағы; Бесік жыры; (Өлеңдер). //Қазақстан мектебі. — 1989. — № 3. — 44-45 б.

Жұмабаев М. Жан сөзі; Жазғытұры; Жұлдызды — жүзік, айды — алқа ғып берейін; Толған ай; Махаббат не? (Өлеңдер). //Есіл пернелері. — 1989. — август-сентябрь.

Жұмабаев М. «Қазақ елім, бір ауыз сөзім саған»; Жазғытұры; Толған ай; Жұлдызды — жүзік, айды — алқа ғып берейін; Бұлбұл; Жан сөзі; Сен сұлу; Шолпы; Махаббат не?; Түс; Күннің батуы; (Өлеңдер). Газетке дайындаған С. Дәуітов. //Қазақ әдебиеті. — 1988 — 23 декабрь. — 4-5 б.

Жұмабаев М. Қазақ тілі: Өлең //Ана тілі. — 1991 — 20 маусым. — 8 б.

Жұмабаев М. Қараңғы дауылды түн; Көбелек; Көңіл; Батқан күн, атқан таңның жыры; (Өлеңдер). //Арай. — 1989. — № 9. — 13 б.

Жұмабаев М. Лирика; Жұлдызды — жүзік, айды — алқа ғып берейін; Сүйгенім анық; Жас сұлуға; Ауру; Тілегім; Сағындым; Жауға түскен жанға; Айға Тәңірі; Жаралы жан;

Айда атынды, Сәрсенбай; М. Д. абақтыдан шыққанда; Есім-де; Тек таң атсын; Дін үйреткенде; Жер жүзін топан басса екен; Алыстағы бауырыма; Пайғамбар; Сәрсембайдың жыры; Бостандық; (Өлеңдер). //Жұлдыз. — 1989. — № 11. — 133-141 б.

Жұмабаев М. Мен жастарға сенемін: (Өлең). Омбы — 1916 жыл. //Өркеш. — 21 январь.

Жұмабаев М. Мың шүкір, әлсіз қолда әлсіз шырақ; Гүлсімге; Орамал; Батқан күн, атқан таңның жыры; Қараңғы дауылды түн; Қобелек; Анама; Көңіл; (Өлеңдер). //Қазақ әдебиеті. — 1989. — 1 январь 4-5 б.

Жұмабаев М. Оқжетпестің қиясында: Поэма //Қазақ тілі мен әдебиеті. — 1992. — № 1 — 7-9 б.

Жұмабаев М. Толғау/1927 ж. Қашыбай қыссасы 1924 ж. (Өлеңдер). — //Жалын. — 1990. — № 2. - 73 б.

Жұмабаев М. Толқын; Қызыл жалау; Еділде; Оғ; Мен жастарға сенемін; Жылқышы; Қойшы бала мен күшік; Жұлдызды — жүзік, Айды — алқа ғып берейін. (Өлеңдер). //Жалын. — 1989. — № 2. — 32-34 б.

Жұмабаев М. Толқыннан толқын туады; Жер жүзіне; Тез барам; Жер жүзін топан басса екен; Мен кім; Толқын; Біраз Фетше; Жауынгердің жыры; Н-ның альбомына; Қазақ тілі; Александр Блок: (Өлеңдер). //Қазақ әдебиеті. — 1989. — 22 сентябрь, 13 б.

Жұмабаев М. I. Үйдегі үнсіз қарындас; II. Бұлқынып бұғау үзген қарындас; III. Оқудағы қарындас; IV. Жолға шыққан қарындас; V. Қызметтегі қарындас; Қысқы түнде шеше мен бала; Туган жер; Жазғытұры; Сүйгеніме; Ежелгі жыр: (Өлеңдер). //Қазақстан әйелдері. — 1989. — № 3. — 20-21 б.

Жұмабаев М. Шойын жол: Жоғалған алтын; Әдемі қыз; Ақсақ Темір сөзі; Қазақ азаматы; Көңілде қайғы қалдырмас; Орал; Еңбек — өлім жан қанатын қиятын; Оқжетпестің қиясында; (Өлеңдер): //Жұлдыз. — 1990. — № 10. — 115-122 б.

Жұмабаев М. Шолпанның күләсі: әңгіме (Газетке даярланған Р. Рүстембекова). //Қазақ әдебиеті. — 1989. — 3 март. — 8, 9, 12 б.

Жұмабаев М. Жазылашақ оқу құралдары һәм мектебіміз. (Мектеп пен оқу құралдары жөніндегі мақала). //Қазақстан мұғалімі. — 1989. — 7 май.

Жұмабаев М. Наурыз. (Наурыз тарихынан түсінік). //Жалын. 1989. — № 2. - 34 б.

Жұмабаев М. Наурыз туралы: «Жаңа мектеп» журналы, 1927 ж. № 3-4, 65-66 б. //Қазақ әдебиеті. — 1989. — 24 март.

Жұмабаев М. Сұлулық: «Педагогика» атты еңбегінен (Дайындаған Ж. Дәдебаев //Жас алаш. — 1992. — I қаңтар).

Жұмабаев М. Шын ертек: («Еңбекші қазақ» газетіне 1925 жылғы 2 ноябрьдегі жазған мақаласы). //Соц. Қазақстан. — 1989. 17 декабрь).

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ ТУРАЛЫ ӘДЕБИЕТТЕР

Мағжан Жұмабаевтың, Ахмет Байтұрсыновтың және Жүсіпбек Аймауытовтың творчестволық мұрасы туралы Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитетінде //Соц. Қазақстан. — 1988. — 28 декабрь.

Қазақ ССР прокуратурасында. А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев және Ж. Аймауытовтардың істері қаралып, ақталғандығы туралы ҚазТАГ хабары //Қазақ әдебиеті. 1988. 23 декабрь. — 3 б.

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің М. Жұмабаевтың, А. Байтұрсыновтың, Ж. Аймауытовтың творчестволық мұрасын зерттеу жөніндегі комиссияның қорытындысы. //Соц. Қазақстан. 1988. 28 декабрь.



Қазақ ССР. Қысқаша энциклопедия. 4 том. Алматы, 1989. 259-263 б.

Аймауытов Ж. Мағжанның ақындығы туралы. Ташкенттегі қазақ студенттеріне өтілген баяндама. (Бес арыс, Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар) Құраст. Д. Әшімханов. Алматы. Жалын, 1992. 262-264 б.

Әуезов М. Мағжанды сүйемін. (Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар) Құраст. Д. Әшімханов. Алматы. Жалын, 1992. 294 б.

Сайфи Қ. Қазақ ақыны Мағжан Жұмабаев (Башқұрт халық ақынының 1969 ж. Қазақстан Жазушылар одағы басқармасына жазған хаты) Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құраст. Д. Әшімханов. Алматы. Жалын, 1992. 295-300 б.

Мәшһүр-Жүсіпов Қ. Мағжанның шеберлігі. //Жұлдыз. 1991. № 11. 142-145 б.

Мұқанов С. Жұмабайұлы Мағжан. XX ғасырдағы қазақ әдебиеті. 1-бөлім (ұлтшыл, байшылдық дәуірі). «Қазақстан» баспасы, 1932 жыл, //Парасат. 1991. № 5. 2 б.



Абдуллин Х. Мағжан. //Қазақстан мұғалімі. 1989. 11 август.

Абдуллин Х. Мағжанның әзіл-сықақтары. (М. Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында). «Ленин туы». 1991. 14 қараша.

Әкімжанов З. Біртуар тұлға. (М. Жұмабаев). «Ленин туы», 1993. 4 наурыз.

Асқаров Е. «Батыр Баян» туралы бірер дерек. //Жұлдыз. 1989. 124-125 б.

Асқаров Е. Мағжан — педагог. «Қазақстан» мектебі. — 1989. — № 3. — 42-43 б.

Аян. Мұзарт. Қазақтың ұлы жайсаң ақыны М. Жұмабайұлының туғанына 100 жыл. /«Жас алаш». 1993. 6 наурыз.

Әбішев Ә. Жан сөзі. (М. Жұмабаевтың творчествосы туралы). «Қазақ әдебиеті». 1989. 28 апрель. 11 б.

Әкімжанов З. Пайгамбардың рухына тағзым. (М. Жұмабаев туралы). «Ленин туы». 1991. 20 шілде.

Әлкебаева Д. Мағжан тілі ақ маржан. (М. Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында). «Қазақ әдебиеті». 1992. 30 қазан. 9 б.

Әлімбаев М. Мағжанды махаббатпен оқығанда. Эссе. «Ленин туы». 1991. — 22-23 мамыр.

Базарбаев М. Мағжанның поэзиясы. (Қазақстан Жазушылар одағында өткен М. Жұмабаевтың творчествосына арналған ғылыми конференциядан). «Қазақ әдебиеті». 1990. 13 көкек. 6-7 б.

Бектұров Ж. Тағдыры қиын талант. //Бес арыс: Естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар. Құраст. Д. Әшімханов. Алматы. Жалын, 1992. 305-344 б.

Дарига, күндерде күнім қараң...». (Мағжанның зайыбы Зылиқа апайдың естелігі). «Қазақстан әйелдері». 1989. № 3, 19-28 б.

Дәрімбетов Б. Жүрегі таза, ойы азат. (Ақан М, Жұмабаевтың өмірі мен творчествосы жайында). «Жалын». 1989. № 2. 28-31 б.

Досжанов Д. М. Жұмабаев немесе ажалына асыққан адам. (Абақты). Алматы. «Қазақстан». 1991. 219-283 б.

Елеуенков Ш. Р. Мағжан Жұмабаев. Алматы. Қаз. ССР «Білім» қоғамы, 1990. 56 б.

Елеуенков Ш. Мағжанның алғашқы сотталуы. /Жұлдыз. 1991. № 4. 148-160 б.

Жарықбаев Қ. Қазақ жанының білгірі. (М. Жұмабаев туралы). «Жас алаш». 1993. 5 наурыз.

Жеделхат. (Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының бірінші секретары Олжас Сүлейменовтің Мәскеуден Мағжан Жұмабаевтың творчествосына арналған ғылыми конференцияға жолдаған хатының тексі). «Қазақ әдебиеті». 1990. 13 көкек. 6 б.

Жүнісов С. Мағжанның поэмалары. (Қазақстан Жазушылар одағындағы М. Жұмабаевтың творчествосына арналған ғылыми конференциядан). «Қазақ әдебиеті». 1990. 13 көкек. 7 б.

Қабыншұлы Ғ. Ұра берсе құдай да өледі. (М. Жұмабаев туралы). «Қазақ әдебиеті». 1992. 30 қазан. 8 б.

Қайырбеков Ғ. Алып ақын ауылында. М. Жұмабаевтың Солтүстік Қазақстан облысында өткен әдби күндерінен. «Қазақ әдебиеті». 1989. 18 август. 3 б.

Қарамендин С. «Толқыннан толқын туады». (М. Жұмабаев туралы). «Өркен». 1989. 4 февраль. 9 б.

Қауғабаев О. Қобыз үнді ақын. (М. Жұмабаев туралы). «Қазақстан мұғалімі». 1989. 17 февраль.

Қаһарманов Ғ. Қайран менің Жәжекем. (Ақан туралы естелік). «Бес арыс: естеліктер, эсселер және зерттеу мақалалар». Алматы. «Жалын». 1992. 354-359 б.

Қаһарманұлы Ғ. Мағжанды сүйген қыз (Қызылжардағы қазақтың мұғалімдік техникумында оқыған З. Тіналинаның Мағжанмен кездесуі туралы). «Қазақ әдебиеті». 1992. 30 қазан. 8 б.

Қаһарманұлы Ғ. Мағжанның махаббаты. (М. Жұмабаев туралы). «Қазақ әдебиеті». 1991. 24 қаңтар.

Қаһарманұлы Ғ. Сүйген сұлу. (М. Жұмабаевтың жары Зылиха туралы). «Жұлдыз». 1991. № 2. 203-207 б.

Қаһарманов Ғ. Ұлы бейнесі жүректе. М. Жұмабаев туралы. «Есіл пернелері». 1989. август-сентябрь.

Кенжебаев Б. Ұстаз. (М. Жұмабаев туралы) «Лениншіл жас». 1989. 4 январь.

Қирабаев С. Ұлттың ұлы ақыны. (М. Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуына) «Халық кеңесі». 1993. 6 наурыз.

Қожакеев Т. Мағжанның мұң-зары. (Ақын М. Жұмабаев туралы). «Лениншіл жас». 1991. 26 ақпан.

Қожанұлы С. Мағжан Жұмабаев. (Творчествосы туралы мағлұмат). «Қазақ әдебиеті». 1988. 23 декабрь.

Майтанов Б. Тарихи тақырыпқа ақындық көзқарас. М. Жұмабаевтың творчествосы туралы). «Жұлдыз». 1991. № 12. 130-134 б.

Мөлдір сезім, биік парасат (М. Жұмабаев). //Нұрғалиев Р. Арқау. Алматы. Жазушы, 1991. 534-548 б.

Мұқанов Қ. Қайран кемеңгерім-ай! М. Жұмабаевтың туғанына 100 жыл толуы қарсаңында. «Ленин туы». 1993. 20 ақпан.

Мұқанов Қ. Мағжан — ағартушы, педагог. (М. Жұмабаевтың 100 жылдығы қарсаңында). «Ленин туы». 1990. 20 тамыз.

Мырзалиев Қ. Құлының мен тұншығу. «Қазақ әдебиеті». 1989. 28 апрель.

Сарбалаев Б. Бес бәйтерек: (Ш. Құдайбердиев, А. Байтұрсынов, Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, М. Дулатов творчестволары туралы). «Қазақ әдебиеті». 1990. 23 ақпан.

Тарази Ә. Мағжанның прозасы. (Қазақстан Жазушылар одағындағы М. Жұмабаевтың творчествосына арналған ғылыми конференциядан). «Қазақ әдебиеті». 1990. 13 көкес. 7, 10 б.



Әлімбаев М. Мағжан ақын. Өлең. «Қазақ әдебиеті». 1992. 24 шілде. 5-бет

Газет Әбішұлы, Мағжан. Өлең. «Ленин туы». 1993. 20 ақпан.

Зікібаев Е. Мәңгілік аты — Мағжан-ән. Той толғауы. //«Есіл периселері». 1989. август-сентябрь.

Жанділдин Ж. Сәкен мен Мағжан. Өлең. «Ленин туы». 1989. 5 май.

Қанғожин М. «Шалқыған шағым, шабытты сәтім керемет». Өлеңдер. «Ленин туы». 1989. 25 март.

Қожабаев Ғ. Мағжанның монологы. Сасықкөлмен сұхбат. «Ленин туы». 1989. 11 февраль.

Молдағалиев Т. Мағжан ақын. Өлең. «Парасат». 1993. № 1. 14 б.

Салықов Қ. Мағжан аға. Өлең. «Жас алаш». 1991. 26 қараша.

Сәдуақасов Т. Жыр сабазы. (М. Жұмабаевтың аруағына бағыштаймын). Өлең. «Жұлдыз». 1990. № 1. 124-125 б.

Құрастырған МӘКІШЕВА М. С.

МАЗМҰНЫ

Мүтәллап Қанғожин. Жыр жұлдызы

3

Өлеңдер.

Құншығыс	10
Пайғамбар	11
От	14
Александр Блок	16
Қысқы жолда	17
Жан сөзі	18
Сағындым	22
Тез барам	24
Түркістан	25
Сәрсембайдың жыры	28
Қойшы бала мен күшік	29
Анама	31
Жұлдызды —жүзік, айды—алқа ғып берейін	32
Гүлсім ханымға	33
Сен сұлу	33
Шолпы	34
Сүй, жан сәулем	35
Мен кім?	36
Мен жасстарға сенемін	37
Тұтқын (М. Д-ға хат)	38
Жер жүзіне	39
Қазақ тілі	39
Жауынгер жыры	40
Толқын	41

Поэмалар

Батыр Баян	43
Қорқыт	63
Қойлыбайдың қобызы	72
Алатау	74
Ақан сері	78
Ақан сері сөздері	92
М. Жұмабаевтың шығармалары	102
Мағжан Жұмабаев туралы әдебиеттер	104

Жауапты редактор Б. Мұстафин.
Техникалық редактор Е. Мұхаметжанов.
Корректор Р. Әбжанова.